

Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 15 тамыздағы № 511 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 17 қыркүйекте № 9738 тіркелді.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.11.2017 № 756 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 16-бабы 1-бөлігінің 3) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 03.12.2019 № 1031 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.11.2017 № 756 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мынадай нормативтік құқықтық актілерінің:

1) "Сотталғанды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды орындаудың кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 14 наурыздағы № 141 бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылдың 23 сәуірінде № 7591 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" (2012 жылғы 26 мамырдағы № 269-273 (27347), 2012 жылғы 2 маусымдағы № 290-291 (27365), 2012 жылғы 16 маусымдағы № 324-329 (27403), 2012 жылғы 30 маусымдағы № 360-364 (27438), 2012 жылғы 11 шілдедегі 383-388 (27462)) газетінде жарияланған);

2) "Қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметін ұйымдастыру жөніндегі қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 19 наурыздағы № 157 бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылдың 23 сәуірінде № 7592 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" (2012 жылғы 12 мамырдағы № 231-235 (27309)) газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті (Б.М. Бердалин):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімдік баспаларда және "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйеде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне (Б.М. Бердалин) жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жариялануға жатады және 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр
полиция генерал-лейтенанты

Қ.Қасымов

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2014 жылғы 14 тамыздағы
№ 511 бұйрығымен
бекітілді

Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 20.07.2022 № 602 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (бұдан әрі – ҚК), Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне (бұдан әрі – ҚАК), "Пробация туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Сотталғанды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазаларды орындау заңды күшіне енген үкім немесе қаулы, рақымшылық жасау және оны қолдану туралы акті, кешірім жасау туралы акті негізінде жүргізіледі.

3. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің аумақтық пробация қызметтері (бұдан әрі - Пробация қызметтері) сотталғанды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазаларды орындайтын органдар болып табылады.

3-1. Пробация қызметінің қызметкерлері ай сайын атқарылған жұмыс туралы пробация қызметінің бастығына (не оны алмастыратын адамға) есеп береді.

Пробация қызметінің ұйымдастырылуын бақылау пробация қызметінің бастығына (не оны алмастыратын адамға) жүктеледі.

Ескерту. Қағидалар 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 07.08.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру тәртібі

1-параграф. Пробация қызметінің сотталғандардың есебін жүргізуі

4. Пробация қызметі үкімді орындауға алған кезінде:

1) сотталған адамның деректерін бір жұмыс күні ішінде Орталықтандырылған автоматтандырылған деректер базасына (бұдан әрі – ОАДБ) енгізеді;

2) сотталғанды есепке қойған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде үкімді немесе қаулыны шығарған сотқа сот шешімінің орындауға қабылданғаны туралы хабарламаны осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электронды немесе жазбаша түрде жолдайды;

3) сотталғанды есепке қойған сәттен бастап бір тәулік мерзімде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бақылау-мерзімдік карточка толтырады, оны Пробация қызметінің тиісті картотекасына салады;

4) сотталған адамдардың оларға заңмен және сотпен жүктелген міндеттерді орындауын, соның ішінде ішкі істер органдарының (бұдан әрі - ИО) қолданыстағы автоматтандырылған ақпараттық-іздеу жүйелері және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің (бұдан әрі - ҚСЖАЕК) ақпараттық жүйелері, сондай-ақ интернет желісіне қосылған қолда бар телекоммуникация құралдары (байланыс құралдары) бойынша ай сайын тексеру жолымен жүзеге асырады.

5. Есепке алу карточкасының және бақылау-мерзімдік карточканың реттік нөмірлері ОАДБ-да тіркелген сот шешімдерінің нөміріне сәйкес беріледі.

6. Номенклатуралық істер сейфтерде немесе мөрленетін жанбайтын металл шкафтарда сақталады.

7. Номенклатуралық істерге сотқа дейінгі баяндаманы дайындаумен, сотталғандарды іздеумен, сотқа жолдаумен, сондай-ақ қоғамдық жұмыстар түріндегі жазаны орындаумен байланысты ОАДБ-да электронды түрде техникалық жүргізу қарастырылмаған материалдар тігіледі.

8. Сотталғанды есепке қойғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде Пробация қызметі:

1) "Арнайы есепке алу" автоматтандырылған ақпараттар жүйесіне (бұдан әрі - АЕА ААЖ) деректемелерді автоматты түрде толтыру үшін (нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16667 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2018 жылғы 27 ақпандағы № 29 бұйрығымен бекітілген Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, қылмыстық жауаптылыққа тартылған және тартылатын адамдарды арнайы есепке алуды және ұстап алынған, күзетпен ұсталатын және сотталған адамдарды дактилоскопиялық есепке алуды жүргізу, пайдалану және сақтау қағидаларына (бұдан әрі-адамдардың арнайы есебін жүргізу, пайдалану және сақтау қағидалары) 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотталған (күзетпен қамауға алынған) туралы электрондық хабарламаны қалыптастырады және жеке қағаз тасымалдағыштарда үкім көшірмесін, жеке басын куәландыратын құжат көшірмесін ҚСЖАЕАК-нің аумақтық басқармасына жолдайды.

2) басқа облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың сотымен соттаған адамға сотталған (күзетпен қамауға алынған) туралы электрондық хабарламаны қалыптастырады және қағаз тасымалдағышта әліпбилік есепке алу карточкасының бір данасын, үкімнің көшірмесін және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін ҚСЖАЕАК-нің аумақтық органына жолдайды;

3) қылмыстық қудалау органында немесе тергеу изоляторында дактилоскопиялық тіркеуден өтпеген адамды (жеке айыптау істері) ҚСЖАЕАК-нің аумақтық органына жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін сала отырып, дактилоскопиялық картаның бір данасын ұсынады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.08.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Сотталғанның тарапынан жазаны өтеу тәртібін және шарттарын бұзғаны және сотталғанның Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 53, 67, және 176-баптарында көзделген талаптарды сақтамайтыны анықталған жағдайда Пробация қызметі бір тәулік мерзімде бұзушылық туралы мәліметті ОАДБ-ға енгізеді.

10. Сотталғанды жазадан босатқан немесе оған қатысты үкімді өзгерткен, сондай-ақ ҚР ҚАК-ның 161-бабының 1-бөлігінде көзделген негіздер бойынша есептен шығарған кезде Пробация қызметі тиісті процестік шешімді алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде АЕА ААЖ деректемелерін автоматты түрде толтыру үшін сотталған адамды есептен шығару немесе үкімін өзгерту негіздемесі туралы толық мәліметтерді көрсетумен сотталған адам (күзетпен қамауға алынған) туралы электрондық хабарламаны қалыптастырады және бөлек қағаз тасымалдағышта заңды күшіне енген сот қаулысының көшірмесін ұсынады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.08.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Пробация қызметі сотталғанды есепке қою үшін шақырады, әңгіме барысында оған жазаны өтеудің тәртібі мен шарттары, сондай-ақ бақылаудан жалтарғаны үшін

жауапкершілікке тартылатыны түсіндіріледі, оның сауалнамалық деректері, жақын туыстары туралы мәліметтер нақтыланады. Әңгіме қорытындылары ОАДБ-ға енгізіледі.

2-параграф. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны орындау тәртібі

12. Пробация қызметі сот өкімі үкім көшірмесімен келіп түскен күнінен бастап он күндік мерзімнен кешіктірмей қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаға сотталғанды шақырады және сотталғанның тұрғылықты жері бойынша, сотталғанның қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеу орны бойынша жергілікті атқарушы органдарға қоғамдық жұмыстарды орындау үшін осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтама - жолдама береді.

Сотталғандардың қоғамдық жұмыстарды орындауын бақылауды сотталғанның тұрғылықты жері бойынша Пробация қызметі жүзеге асырады.

13. Қоғамдық жұмыстарға сотталғанның негізгі жұмыс орны бойынша Пробация қызметі электронды не жазбаша түрде қоғамдық жұмыстар уақытында оны жұмыстан босату туралы хабарлама жолдайды.

14. Пробация қызметі сотталғанды жергілікті атқарушы органдарға жолдаған кезде оған анықтама-жолдаманы береді.

Анықтама-жолдамада сотталғанның сауалнамалық деректері, оның тұрғылықты жері мен негізгі жұмыс (оқу) орны, оның ҚР ҚК-нің қандай бабы бойынша сотталғаны, қоғамдық жұмыс мерзімі (сағатпен), сотталғанның жергілікті атқарушы органға келу күні, ҚР ҚАК-нің 58-бабына сәйкес оны есептеу тәртібі көрсетіледі.

15. Сотталғандардың еңбегін пайдалану өтеусіз негізде жүзеге асырылады және белгілі бір біліктілікті талап етпейді.

16. Анықтама-жолдаманың көшірмесі, қоғамдық жұмыстарды орындау үшін жұмысқа қабылдау туралы жергілікті атқарушы органның бұйрығынан үзіндісі, атқарылған жұмыс уақытын есепке алу табелі және басқа да материалдар (оның ішінде хабарламалар, ілеспе хаттар) номенклатуралық іске тігіледі.

17. Сотталғандар қандай да бір арнайы дайындықты қажет етпейтін аумақты абаттандыруға байланысты қоғамдық-пайдалы жұмыстарға тартылады.

18. Сотталғаннан тұрғылықты жерін ауыстырғаны туралы хабарлама алғаннан кейін Пробация қызметі бір жұмыс күні ішінде сотталғанды жұмыстан босату туралы жергілікті атқарушы органдарға электронды немесе жазбаша түрде ұсыным жолдайды және осы мәліметтер екі жұмыс күні ішінде ОАДБ-ға енгізіледі.

Сотталғанның жаңа тұрғылықты жері бойынша Пробация қызметі он жұмыс күні ішінде сотталғанның жаңа тұрғылықты жері бойынша қоғамдық жұмыстарды орындауы үшін оған анықтама-жолдама береді.

Сотталған тұрғылықты жерін қызмет көрсетілетін ауданның (қаланың) шегінде ауыстырған жағдайда, ол Пробация қызметінің есебінен шығарылмайды.

19. Сотталғанға негізгі жұмыс орны бойынша кезекті демалыс беру қоғамдық жұмыстарды орындауды тоқтатпайды.

20. Жергілікті атқарушы орган анықтама-жолдаманы алған күні қоғамдық жұмыстарды өтеу мерзімінің басталуы болып табылады.

21. Сотталған адамға медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясының қорытындысы бойынша бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік белгіленген жағдайда, Пробация қызметі мүгедектік туралы растаушы материалдар келіп түскен күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде сотқа оны жазасын одан әрі өтеуден босату туралы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынымды (бұдан әрі – ұсыным) электронды немесе жазбаша түрде жолдайды.

22. Сотталған әйел жаза өтеу кезеңінде жүкті болған жағдайда, жүктілігі мен тууы бойынша демалыс ұсынған күнінен бастап, сотталған әйелдің жүктілігі мен тууына байланысты оны жұмыстан босату күнін көрсете отырып, жұмыс орны берген анықтама мен медициналық мекеменің анықтамасымен қоса Пробация қызметі сотқа оған жаза өтеуді кейінге қалдыру туралы ұсынымды электронды немесе жазбаша түрде жолдайды.

23. Сотталғанның тарапынан жазаны өтеудің тәртібі және шарттарын бұзғаны анықталған кезде Пробация қызметі үш жұмыс күні ішінде оны Пробация қызметіне шақырту бойынша шара қабылдайды. Сотталған келген кезде Пробация қызметі онымен жазаны өтеу шарттарын бұзуға жол бермеу туралы әңгімелесу жүргізеді және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жауапкершілік туралы жазбаша ескерту (бұдан әрі – ескерту) шығарады, ол номенклатуралық іске тігіледі және ОАДБ-ға енгізіледі.

24. Сотталған жазаны өтеуден жалтарған кезде Пробация қызметі үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы ҚК-нің 43-бабының 2-1-бөлігіне сәйкес қоғамдық жұмыстарды қамаумен, бас бостандығын шектеумен не бас бостандығынан айырумен ауыстыру туралы ұсынымды электронды немесе жазбаша түрде сотқа жібереді.

25. ҚР ҚАК-ның 60-бабының 3-бөлігінде көзделген негіздер бойынша жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын қайта бұзуы анықталған күннен бастап Пробация қызметі бес жұмыс күні ішінде сотқа қоғамдық жұмыстарды ауыстыру туралы ұсыным жолдайды.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.08.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Тұрғылықты жерінен бой тасалаған, орналасқан жері белгісіз сотталғанға қатысты Пробация қызметі бастапқы іздестіру іс-шараларын жүзеге асырады және оған іздестіру жариялау туралы сотқа ұсынымды электронды не жазбаша түрде енгізеді.

3-параграф. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны орындау тәртібі

27. Түзеу жұмыстары алименттерді, жарақаттануға немесе денсаулықтың өзге де зақымдануына, сондай-ақ асыраушысының қайтыс болуына байланысты келтірілген зиянды өтеу есебіне мерзімдік төлеуге (өндіріп алуға) жататын қаражатты шегергенде, сотталған адамның жалақысының (ақшалай үлесінің) оннан елу пайызға дейінгі ай сайын ұстап қалу және Жәбірленушілерге өтеу қорына аудару арқылы орындалады.

28. Түзеу жұмыстарына сотталғандар жазаны өтеуге Пробация қызметіне үкімнің, қаулының көшірмесімен соттың тиісті өкімі келіп түскен күннен бастап он бес күндік мерзімнен кешіктірмей тартылады.

29. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаның орындалуын сотталғандардың негізгі жұмыс орны бойынша Пробация қызметі жүзеге асырады.

30. Сотталған ҚР ҚАК 53-бабының 1-тармағында көзделген талаптарды сақтамаған жағдайда Пробация қызметі үш жұмыс күні ішінде оны Пробация қызметіне шақырту бойынша шара қабылдайды. Сотталған келген кезде Пробация қызметі онымен бұдан былай құқық бұзушылықтарға, сондай-ақ жазаны өтеу шарттарын бұзуға жол бермеу туралы әңгімелесу жүргізеді және жауапкершілік туралы жазбаша ескерту шығарады, ол номенклатуралық іске тігіледі және ОАДБ-ға енгізіледі.

31. Түзеу жұмыстарына сотталған адамдардың құжаттарын ресімдеп, сотталғанның жұмыс орнын алдын ала нақтылап, Пробация қызметі сол күні осы ұйымның әкімшілігіне хабарлама, ұйғарым және үкімнің көшірмесін осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электронды немесе жазбаша түрде жолдайды.

32. Сотталғанның сырқаттануы үздіксіз төрт айдан аса жалғасқан, оған бірінші және екінші топтағы мүгедектік белгіленген жағдайда, Пробация қызметі ауру немесе мүгедектік туралы растаушы материалдар келіп түскен күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде сотқа жазасын одан әрі өтеуден босату туралы электронды немесе жазбаша түрде ұсыным енгізеді.

33. Сотталған әйел жазасын өтеу кезеңінде аяғы ауыр болған жағдайда Пробация қызметі сотталған әйелдің жұмыс орнынан жүктілігі мен тууына байланысты жұмыстан босатылған күні көрсетілген анықтаманы, тұрғылықты жері, емдеу мекемесінің анықтамасын қоса сотқа жүктілігі мен тууы бойынша демалыс берілген уақыттан бастап, оның жазасын өтеуді кейінге қалдыру туралы электронды немесе жазбаша түрде ұсыным жолдайды.

34. Зейнеткерлік демалысына шыққан және жұмысты тоқтатқан адамға қатысты Пробация қызметі үкімінің одан әрі атқарылуы туралы мәселені шешу үшін сотқа электронды немесе жазбаша түрде жүгінеді.

35. Сотталғандардың еңбекақысынан ұстап қалу сот үкімімен белгіленген мөлшерде жүргізіледі. Түзеу жұмыстарына сотталғандардың еңбекақысынан ұстап қалуды жүргізудің басталуы жазаны өтеу мерзімінің басталған күні болып саналады.

36. Ұстап қалу жалақы төлеу кезінде барлық жұмыс істеген ай үшін атқару құжаттары бойынша сотталғанға наразылықтың болуына қарамастан, негізгі жұмыс орны бойынша жалақының барлық түріне жүргізіледі.

Бұл ретте ұстап қалу әрбір жұмыс істеген ай үшін айдың екінші жартысына еңбекақы төленген кезде, ал жұмыстан босатылған кезде айдың жұмыс істеген бөлігі үшін жүргізіледі.

37. Төлем тапсырыстарымен бір мезгілде Пробация қызметіне жүргізілген ұстап қалу бойынша есептеу мәліметтері осы Қағидаға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электронды немесе жазбаша түрде жолданады. Есептеу мәліметтері төлем тапсырысының бетінде, сол сияқты сырт жағында көрсетіледі.

38. Пробация қызметі ай сайын 7-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепке алу карточкалары бойынша сотталғандардың жалақысынан ұстап қалудың дұрыстығы мен уақтылығын және ұсталған сомаларды мемлекет кірісіне аударуды тексереді және бұзушылықтар анықталған кезде оларды жою шараларын қабылдайды.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.08.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Ұйым әкімшілігі үш айдан аса сотталғанның жалақысынан уақытылы соманы ұстап қалмаған және ұсталған соманы мемлекет кірісіне аудармаған жағдайда, Пробация қызметі прокурорлық ықпал ету шараларын қолдану үшін прокуратура органдарына электронды немесе жазбаша түрде жүгінеді.

40. Пробация қызметі кемінде тоқсанына бір рет сотталғандардың еңбекақыларынан ұстап қалудың дұрыстығын тікелей олардың жұмыс орны бойынша тексереді. Тексеру нәтижелері туралы осы Қағидаға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада акт жасалады, оның бірі ұйымда, ал екіншісі ұйым әкімшілігі өкілінің актімен танысқаны туралы белгісімен Пробация қызметінде сақталады және анықталған кемшіліктердің жойылуын бақылау үшін пайдаланылады.

41. Пробация қызметіне алдын ала хабарламай сотталғанды жұмыстан босатқан, сотталғанның жұмысы туралы, оның еңбекақысы және жүргізілген ұстап қалу туралы есептеу мәліметтері бұрмаланған жағдайда, Пробация қызметі ол туралы прокурорлық ден қою шараларын қолдану үшін прокуратураға электронды немесе жазбаша түрде түрде хабарлайды.

42. Сотталғандардың еңбекақысынан ұсталған сомалардың аударылуы және жұмыс істеген күндер саны туралы мәліметтер төлем тапсырмаларының көшірмелері мен есеп-айырысу мәліметтері негізінде олардың есепке алу карточкаларына енгізіледі.

43. Пробация қызметі жаза мерзімінің аяқталған күнінде, ал бұл жазадан басқа негіздер бойынша босатылған жағдайда растайтын құжаттарды алған соң келесі жұмыс күнінен кешіктірмей сотталған жазасын өтеп жүрген ұйымның әкімшілігін оның жалақысынан ұстап қалуларды тоқтату туралы осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес

нысан бойынша электронды немесе жазбаша түрде хабардар етеді. Сотталғанға жазаны өтегені туралы немесе жазадан босатылғаны туралы анықтама осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі (бұдан әрі – анықтама).

44. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеуден жалтарған не жұмысынан айырылған немесе еңбек шарты бұзылған күннен бастап үш ай бойы жұмысқа орналаспаған сотталғанға қатысты Пробация қызметі үш жұмыс күні ішінде қылмыстық теріс қылықтары үшін қоғамдық жұмыстарға тартумен не қамауға алумен, ал ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс үшін бас бостандығын шектеумен не бас бостандығынан айырумен, ауыр қылмыс үшін тағайындалған жазаның өтелмеген бөлігін бас бостандығынан айырумен ауыстыру туралы ұсынымды электронды немесе жазбаша түрде сотқа жолдайды.

45. Орналасқан жері белгісіз сотталғанға қатысты ұсынымда оның жазасын өтеуден жалтару мақсатында бой тасалағаны туралы қолда бар мәліметтер және бастапқы іздестіру іс-шараларының нәтижелері көрсетіледі.

46. Тұрғылықты жерінен бой тасалаған, орналасқан жері белгісіз сотталғанға қатысты Пробация қызметі бастапқы іздестіру іс-шараларын жүзеге асырады және оған іздестіру жариялау туралы электронды немесе жазбаша түрде сотқа ұсыным енгізеді.

4-параграф. Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаларды орындау тәртібі

47. Сот үкімінің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Пробация қызметі күнтізбелік үш күн ішінде:

1) сотталғанның жұмыс орнын анықтайды және осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұйымның әкімшілігіне сот үкімінің көшірмесін және хабарламаны электронды немесе жазбаша түрде жолдайды;

2) белгілі бір қызмет түрімен айналысуға рұқсат берудің күшін жоюға құқылы органдарға сот үкімінің көшірмесін немесе оның куәландырылған үзіндісін және электронды немесе жазбаша түрде осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынымхат жолдайды.

Жасалған қылмыстың (экономикалық қызмет саласында, экологиялық қылмыстар, қозғалыс пен көлікті пайдалану қауіпсіздігіне қарсы және тағы басқа) сипаты мен сот тыйым салған қызмет түріне қарай Пробация қызметі аталған құжаттарды белгілі бір қызмет түрін жүзеге асыруға құжат беруді белгілейтін органдарға, қоғамдық бірлестіктерге (аңшылар мен балық аулаушылар, қоршаған ортаны қорғау қоғамы және тағы басқа) электронды немесе жазбаша түрде жолдайды.

48. Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаға сотталғандар:

1) Пробация қызметіне жұмыс орны және тұрғылықты жері, олардың өзгергендігі, жұмыстан босатылғандығы туралы электронды не жазбаша түрде хабарлайды;

2) Пробация қызметінің шақыруы бойынша келеді.

49. Негізгі жаза ретінде тағайындалған белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі сот үкімі бойынша қосымша жазасы бар бас бостандығынан айыру түріндегі негізгі жазадан босатылған сотталғандарға қатысты қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің әкімшілігі босатардан бір ай бұрын сотталғанның таңдаған тұрғылықты жері бойынша Пробация қызметіне жазаны одан әрі орындау үшін куәландырылған сот үкімінің көшірмесін электронды немесе жазбаша түрде жолдайды.

Пробация қызметі негізгі жаза ретінде тағайындалған белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны одан әрі орындау үшін куәландырылған сот үкімінің көшірмесін алғаннан кейін тиісті қылмыстық-атқару жүйесі мекемесіне электронды немесе жазбаша түрде хабарлама жолдайды.

50. Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі қосымша жазасы бар бас бостандығынан айыру түріндегі қосымша жаза түрі өтелмеген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден босатылған адамдардан қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің әкімшілігі оның таңдаған тұрғылықты жеріне келген күннен бастап бескүндік мерзімде Пробация қызметіне міндетті келу туралы қолхат алады.

51. Сотталғанның лауазымынан босатылғандығы немесе белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығынан айырылғандығы, сондай-ақ тыйым салынған қызметпен айналысуға құқық беретін құжаттарға рұқсат беруді жою немесе алып қою туралы ұйымнан немесе тиісті органнан келіп түскен хабарлама номенклатуралық іске тігіледі және ОАДБ-ға енгізіледі.

52. Пробация қызметі сотталғанды есепке қойғаннан кейін бір ай ішінде оны жұмыс орны бойынша, ұйым әкімшілігінің оның құқығынан айырылған белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысуы бойынша сотталғанмен еңбек келісімшартын өзгерткендігін немесе тоқтатқандығын (егер сотталған бұл ұйымнан босап кетпесе), жаңа еңбек келісімшарты қандай лауазым (қызмет) бойынша жасалғандығын, сондай-ақ тиісті органның сотталғанға тыйым салынған қызметпен айналысу құқығын беретін рұқсатты тоқтатқандығын, құжатын алып қойғанын тексереді. Тексеру жүргізу нәтижелері туралы осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада белгілі бір қызмет атқаруға немесе белгілі бір қызметпен айналысуға тыйым салынған үкімнің дұрыс орындалуын тексеру актісі жасалады. Бірінші дана ұйымда қалдырылады, екінші дана кәсіпорын әкімшілігінің танысқандығы туралы белгісімен Пробация қызметінде сақталады.

53. Сотталған бұрынғы жұмыс орнынан босатылған кезде Пробация қызметі сотталғанның босатылғандығы туралы хабарлама алған кезден бастап бір ай мерзімде:

1) сотталғанның жаңа жұмыс орнын анықтайды;

2) жаңа жұмыс орны бойынша осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электронды немесе жазбаша түрде хабарлама (бұдан әрі – хабарлама) жолдайды;

3) сотталғанды жаңа жұмыс орны бойынша тексереді және оның лауазымын (қызмет түрін) анықтайды. Сотталғанды жұмыс орны бойынша тексерудің нәтижелері туралы анықтама жасалады және ОАДБ-ға енгізіледі.

54. Егер ұйымдардың лауазымды тұлғалары соттың заңды күшіне енген үкімін, шешімін немесе өзге де белгілі бір лауазымда атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру туралы соттың актілерін орындамаған жағдайда, осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Пробация қызметі электронды немесе жазбаша түрде олардың атына ұсыным жолдайды.

55. Бақылауды жүзеге асыру мақсатында Пробация қызметі кемінде алты айда бір рет ұйым әкімшілігі мен сотталғанның сот үкімін орындау барысын тексереді, сондай-ақ кемінде тоқсанына бір рет оны тұрғылықты жері бойынша тексереді. Тексеріс қорытындысы ОАДБ-ға енгізіледі.

56. Егер ұйымдардың лауазымды тұлғалары Пробация қызметінің ұсынымын алғаннан кейін сот үкімін орындамаса, Пробация қызметінің сот үкімін орындау жөніндегі талаптарын елемесе, Пробация қызметі күнтізбелік отыз күн ішінде материалдарды сотқа дейінгі тергеуді бастау туралы мәселені шешу үшін ІО тергеу бөліністеріне электронды немесе жазбаша түрде жолдайды.

57. Сотталғанның сот үкімінің талаптарын бұзу фактісі анықталған жағдайда, Пробация қызметі онымен жеке әңгіме жүргізеді, түсініктеме алады.

58. Айыппұлға, бас бостандығын шектеуге, қоғамдық жұмыстарға немесе түзеу жұмыстарына тартуға, сондай-ақ жаза өтеуді кейінге қалдыруға немесе шартты түрде соттауға тағайындалған белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру мерзімі сот үкімі заңды күшіне енген күнінен бастап есептеледі.

59. Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасы қамауға алу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға қосымша ретінде тағайындалған кезде, ол негізгі жаза түрінің барлық уақытын өтеу кезіне қолданылады, бірақ бұл ретте оның мерзімі қамауды, бас бостандығынан айыруды өтеу мерзімінен және Пробация қызметіне есепке қойылған күнінен бастап есептеледі.

60. Негізгі жаза ретінде белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі, сондай-ақ негізгі жазаға қосымша ретінде айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу немесе қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі, сондай-ақ шартты түрде соттау кезіндегі жазаның атқарылуын ұйымдастыру осы Қағида талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

61. Жаза мерзімі аяқталғаннан кейін сотталған есептен шығарылады.

5-параграф. Бас бостандығын шектеуге сотталғандардың пробациялық бақылауын жүзеге асыру тәртібі

62. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу мерзімі Пробация қызметі заңды күшіне енген сот үкімін орындауға қабылдаған күннен бастап есептеледі.

63. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеп жатқандарға пробациялық бақылауды олардың тұрғылықты жері бойынша Пробация қызметі жүзеге асырады.

Сотталғанға сот жүктеген оқудан және жұмыстан бос уақытта тұрғылықты жерін тастап кетпеу талаптарын орындауын бақылау үшін Пробация қызметі сотталғанмен бірге оның тұрғылықты жерінде болу кестесін құрады.

64. Пробация қызметі пробациялық бақылаудағы бас бостандығын шектеуге сотталған адамды есепке қою кезінде:

1) сотталғанның тұрғылықты жерін, денсаулық жағдайын, білім деңгейін және еңбекпен қамтылғандығын анықтайды;

2) сотталғанға әлеуметтік-құқықтық көмек алу, оған қатысты пробациялық бақылауды жүзеге асыру және тоқтату тәртібін түсіндіреді, сондай-ақ оның тіркелу үшін Пробация қызметіне келу күндерін белгілейді;

3) сотталғанға сот жүктеген міндеттерді орындау тәртібін және мәжбүрлі еңбекті орындау, оларды орындамағаны, сондай-ақ пробациялық бақылау шарттары мен тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту тәртібін түсіндіреді.

65. Сотталғандарға пробациялық бақылау:

1) қоғамдық тәртіп пен адамгершілікке, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, жеке тұлғаға қол сұғатын, сондай-ақ отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласында әкімшілік құқық бұзушылықты және жаңа қылмыс жасағанын немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылғандығын анықтауға ІО-ның қолда бар есептері, сондай-ақ ҚСЖАЕК аумақтық басқармаларының есептері бойынша сотталғандарды ай сайын тексеруді;

1-1) айына кемінде бір рет тұрғылықты жері мен жұмыс орны бойынша мінез-құлқы бақылауды жүзеге асыруды;

2) сотталғандардың тіркелу, өзінің мінез-құлқы туралы есеп беру және профилактикалық әңгімеге қатысу үшін Пробация қызметі белгілеген күндері пробация қызметіне келу;

3) сотталғандардың мінез-құлқына және олардың сот жүктеген міндеттерін сақтауына, бірлескен профилактикалық іс-шараларды жүргізуге қатысты құқық қорғау және басқа да органдармен және мекемелермен тұрақты негізде ақпарат алмасу арқылы қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 65-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 07.08.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

66. Бас бостандығын шектеуге сотталғандарды сот шешімі бойынша жазаны өтеудің барлық мерзімі ішінде жыл сайын жүз сағаттан мәжбүрлі еңбекке тартуды ҚР ҚАК-нің 57, 58 және 59-баптарына сәйкес жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырады және күніне төрт сағаттан асырылмай өтіледі.

67. Бас бостандығынан айыру жазасының өтелмеген бөлігі бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға ауыстырылған сотталғандарға қатысты сот қаулысы заңды күшіне енгеннен кейін қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің әкімшілігі ОАДБ арқылы сотталған таңдап алынған тұрғылықты жері бойынша пробация қызметіне бір жұмыс күні ішінде есепке қою туралы мәліметтерді жолдайды.

68. Сотталған жазасын өтеу орнына белгіленген мерзімде бармаған жағдайда Пробация қызметі бастапқы іздестіру іс-шараларын жүргізеді және сотталғанның орналасқан жері анықталмаса, электронды немесе жазбаша түрде сотқа іздестіру жариялау туралы ұсыным енгізеді.

69. Жазаны өтеу кезеңінде Пробация қызметі сотқа бостандығын шектеуге сотталған үшін бұрын белгіленген міндеттерінің күшін толық немесе ішінара жою туралы электронды немесе жазбаша түрде ұсыныс енгізеді.

Ескерту. 69-тармақ орыс тілінде өзгерістер енгізіледі, мемлекеттік тілде мәтіні өзгермейді - ҚР Ішкі істер министрінің 07.08.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

70. Сотталғанды басқа жұмысқа, оның ішінде басқа жерге ауыстыру Пробация қызметінің келісімімен жүзеге асырылады.

71. Пробация қызметі үш жұмыс күні ішінде сотталғанның ҚР ҚАК 67-бабының 1-тармағында көзделген жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғанын анықтағаннан кейін оны Пробация қызметіне шақырту бойынша шара қабылдайды. Сотталған келген кезде Пробация қызметі онымен бұдан былай құқық бұзушылықтарға, сондай-ақ жазаны өтеу шарттарын бұзуға жол бермеу туралы әңгімелесу жүргізеді және бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айыруға ауыстыру туралы жазбаша ескерту түрінде жаза шығарады, ол номенклатуралық іске тігіледі және ОАДБ-ға енгізіледі.

72. Қазақстан Республикасы ҚАК 68-бабының 2-тармағында көзделген жазаны өтеу тәртібін қасақана бұзған сотталғанға қатысты Пробация қызметі бұзушылықты анықтаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айыруға ауыстыру туралы ұсынымды электронды немесе жазбаша түрде сотқа жолдайды.

Бас бостандығын шектеуді ауыстыру туралы ұсынымда сотталғанның сот жүктеген міндеттерді орындаудан жалтаруы, қоғамдық тәртіпті бұзуы, сол уақыт ішінде Пробация қызметіне келмеген уақыты, оған қандай ықпал ету шаралары қабылданғаны, оның оған тигізген әсері, сондай-ақ әкелу мен ұстаудың бар-жоғы жөніндегі нақты

фактілер көрсетіледі. Ұсынымда жұмыс, оқу және тұратын орнынан мінездеме, Пробация қызметі қызметкерінің сотталғанның мінез-құлқы туралы баянаты, оның өмір салты, сотталғанның түсініктемесі ұсынылады.

Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.08.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6-параграф. Шартты түрде сотталған адамдардың мінез-құлқын пробациялық бақылауды жүзеге асыру тәртібі

73. Пробациялық бақылау мерзімі ішінде шартты түрде сотталған адамдардың мінез-құлқын бақылауды, олардың тұрғылықты жері, жұмыс және оқу орны бойынша Пробация қызметі жүзеге асырады.

74. Пробация қызметі пробациялық бақылауда тұрған шартты түрде сотталған адамды есепке қойған кезде:

1) денсаулық жағдайын, білім деңгейін және жұмыспен қамтылуын, тұрғылықты жерінің бар-жоғын анықтай отырып, сотталған адамның жеке басын зерделеуді жүргізеді;

2) сотталғанға әлеуметтік-құқықтық көмек алу, оған қатысты пробациялық бақылауды жүзеге асыру және тоқтату тәртібін түсіндіреді, сондай-ақ тіркелу үшін пробация қызметіне келу күндерін белгілейді;

3) сот жүктеген міндеттерді орындау тәртібін, оларды орындамағаны үшін жауапқа тарту тәртібін түсіндіреді.

Бұдан кейін, осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шартты түрде сотталған адамнан қолхат (бұдан әрі – қолхат) алынады, ол номенклатуралық іске тігіледі және ОАДБ-ға енгізіледі.

75. Пробация қызметінің қызметкері сот жүктеген міндеттерді шартты түрде сотталған адамның қалай орындайтынын бақылайды.

76. Шартты түрде сотталған адам пробациялық бақылаудан жалтарған жағдайда Пробация қызметі оның орналасқан жері мен жалтару себептерін анықтау бойынша бастапқы іс-шараларды жүргізеді.

77. Шартты түрде сотталған адамға қосымша жаза ретінде қоғамдық жұмыстарға тарту және белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру тағайындалған кезде Пробация қызметі осы жаза түрінің талаптарына сәйкес іс-шараларды толық көлемде жүзеге асырады.

78. Пробациялық бақылау мерзімі кезінде шартты түрде сотталған адамдардың мінез-құлқын бақылау мақсатында Пробация қызметі:

1) тіркеуге келген күндері немесе пробация қызметіне шақыртылғанда олардың мінез-құлқы туралы есепті айына екі рет (ауылды жерлерде бір рет) тындайды;

1-1) айына кемінде бір рет тұрғылықты жері мен жұмыс орны бойынша мінез-құлықты бақылауды жүзеге асырады;

2) сотталғандар тарапынан қоғамдық тәртіпке, адамгершілікке, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, жеке тұлғаға қол сұғатын, отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласында әкімшілік құқық бұзушылық және қайта қылмыс жасауына жол бермеуге шаралар қабылдайды;

3) ай сайын сотталғанды ПО-ның есептері, сондай-ақ аумақтық ҚСЖАЕК органының есептері бойынша өзіне сол үшін әкімшілік жаза қолданылған, қоғамдық тәртіп пен адамгершілікке, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, жеке тұлғаға қол сұғатын, сондай-ақ отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласында әкімшілік құқық бұзушылық жасағанына, жаңа қылмыстар жасағанына немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылғанына тексеріс жүргізеді;

4) шартты түрде сотталған адамдардың мінез-құлқына және оларға сот жүктеген міндеттердің сақталуына қатысты құқық қорғау және өзге де органдармен, мекемелермен ақпаратпен алмасуды, бірлескен профилактикалық іс-шаралар жүргізуді тұрақты негізде жүзеге асырады.

Ескерту. 78-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 07.08.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

79. Белгіленген мерзімінің кемінде жартысы өткен кезде Пробация қызметі сотқа электронды немесе жазбаша түрде ұсыным енгізеді.

Ұсынымда шартты түрде сотталған адамның жеке басын, оның мінез-құлқын сипаттайтын деректер баяндалады және шартты түрде соттаудың күшін жою мен сотталған адамнан соттылықты алып тастау туралы мәселе қойылады.

80. Шартты түрде сотталған адам ҚР ҚАК 176-бабының 1-тармағында көзделген бұзушылықтарды жасаған кезде Пробация қызметі сотқа пробациялық бақылауды бір жылдан аспайтын мерзімге ұзарту, ал кәмелетке толмағандарға қатысты алты айдан аспайтын мерзімге ұзарту туралы электронды немесе жазбаша түрде ұсыным енгізеді.

Бұдан басқа, Пробация қызметі үш жұмыс күні ішінде оны Пробация қызметіне шақырту бойынша шара қабылдайды. Сотталған келген кезде Пробация қызметі онымен бұдан былай құқық бұзушылықтарға, сондай-ақ жазаны өтеу шарттарын бұзуға жол бермеу туралы әңгімелесу жүргізеді және осы тармақта көрсетілген бұзушылықтарға қайта жол берген жағдайда шартты түрде соттаудың күшін жою мүмкіндігі туралы жазбаша ескерту шығарады, ол номенклатуралық іске тігіледі және ОАДБ-ға енгізіледі.

81. Шартты түрде сотталған адам оған сот жүктеген міндеттерді орындамаған немесе Қазақстан Республикасы ҚАК 176-бабының 1-бөлігінде көрсетілген бұзушылықтарды қайта жасаған жағдайда, сондай-ақ ол пробациялық бақылаудан жасырынса, Пробация қызметі жазбаша ескерту түрінде жазалау шығарылған күннен

бастап бес жұмыс күні ішінде шартты түрде соттаудың күшін жою және сот үкімімен тағайындалған жазаны орындау, ал кәметке толмаған сотталғанға қатысты – пробациялық бақылау мерзімін ұзарту, бірақ бір жылдан аспайтын мерзімге ұзарту туралы ұсынымды электронды немесе жазбаша түрде сотқа жолдайды.

Ұсынымға шартты түрде сотталған адамның жұмыс орнынан, оқу орнынан және тұрғылықты жерінен берілген мінездеме, Пробация қызметі қызметкерінің шартты түрде сотталған адамның мінез-құлқы, оның өмір салты туралы баянаты, шартты түрде сотталған адамның түсініктемелері қоса тіркеледі.

Ескерту. 81-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.08.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

82. Егер шартты түрде сотталған адам бақылаудан жасырынған жағдайда, Пробация қызметі сотқа іздестіру жариялау және бұлтартпау шарасын қолдану туралы тиісті ұсынымды электронды не жазбаша түрде жолдайды.

83. Пробациялық бақылау сот үкімінде белгіленген барлық мерзім ішінде жүзеге асырылады. Пробациялық бақылау мерзімі өткеннен кейін Пробация қызметі шартты түрде сотталған адамды өз есебінен шығарады.

84. Пробациялық бақылау мерзімінің өтуі шартты түрде сотталған адамға іздестіру жариялау туралы сот қаулысының негізінде бастапқы іздестіру іс-шараларын жүргізуді бастаған кезден бастап тоқтатылады және сот қаулысы бойынша қайта басталады.

85. Пробациялық бақылау мерзімі шартты түрде сотталған адамды пробация қызметінің есебіне қойған күннен бастап есептеледі.

7-параграф. Постпенитенциарлық пробацияға жататын адамдармен жұмысты ұйымдастыру

86. ҚР ҚК-нің 73-бабына сәйкес бас бостандығынан айыру бас бостандығын шектеуге ауыстырылған адам пенитенциарлықтан кейінгі пробацияға жатады.

87. Бас бостандығынан айыру бас бостандығын шектеуге ауыстырылған адамдарға қатысты пробациялық бақылау ҚР ҚК-нің 44-бабына және ҚР ҚАК-тің 69-бабына сәйкес белгіленеді.

8-параграф. Жазаны өтеуді кейінге қалдыру қолданылған сотталған жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдер мен жас балаларды жалғыз өзі тәрбиелейтін ер адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру тәртібі

88. Сотталған босатылған күні қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің әкімшілігі оның тұрғылықты жері бойынша Пробация қызметіне босатылған күнін көрсете отырып, жазаны өтеуді кейінге қалдыру туралы сот қаулысының көшірмесін электронды немесе жазбаша түрде жолдайды.

Пробация қызметі сотталған келгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде оны есепке алады және одан әрі оның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асырады.

89. Есепке қою кезінде Пробация қызметі сотталғанмен әңгімелесу жүргізеді, әңгімелесу барысында оған жазаны өтеуді кейінге қалдыру шарттары, оны орындамаған кездегі салдары және қоғамдық тәртіпті бұзғаны, жаңа қылмыс жасағаны, сондай-ақ баласын тәрбиелеу мен оны күтуден жалтарғаны үшін жауапкершілігі түсіндіріледі, ол туралы қолхат алынады, ол сотталғанның бақылау ісіне тігіледі.

Бұған қоса, сауалнамалық деректері, жақын туыстары туралы мәліметтер және оның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру үшін маңызы бар басқа да мәселелер нақтыланады және тексеріледі. Әңгімелесу нәтижелері туралы анықтама жасалады, ол қолхатпен қоса номенклатуралық іске тігіледі және ОАДБ-ға енгізіледі.

Сотталғанды есепке қоюмен қатар баланың тәрбиеленуін және оның күтуілуін бақылауды қамтамасыз етуде өзара іс-қимылды жүзеге асыру үшін оның тұрғылықты жері бойынша қорғаншылық және қамқоршылық органдары хабардар етіледі. Пробация қызметі қызметкерлері қорғаншылық және қамқоршылық органдарымен бірлесіп, тоқсан сайын тұрғылықты мекенінің жай-күйіне тексеру жүргізеді, бұл туралы үш данада акт жасалады, бір данасы номенклатуралық іске тігіледі және ОАДБ-ға енгізіледі.

90. Сотталғанды жұмысқа орналастырған жағдайда Пробация қызметі оның жұмыс орны бойынша ұйымның әкімшілігіне электронды немесе жазбаша түрде хабарлама жолдайды.

91. Сотталған босатылған күнінен бастап екі апталық мерзімде келмеген жағдайда, Пробация қызметі бастапқы іздестіру іс-шараларын өткізеді және егер сотталғанның болу орны анықталмаған жағдайда, сотқа іздестіру жариялау және бұлтартпау шарасын қолдану туралы ұсынымды электронды немесе жазбаша түрде енгізеді.

92. Сотталғандардың жазаны өтеуін кейінге қалдыру шарттарының сақталуын бақылау мақсатында Пробация қызметі:

1) сотталғандармен, олардың туыстарымен профилактикалық әңгімелер жүргізеді, ҚР ҚАК-нің 11-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес сотталғаннан түсініктеме алады. Олардың тарапынан баланы тәрбиелеу мен оны күту міндеттерінен жалтаруының, қоғамдық тәртіп бұзушылықтар мен қайталап қылмыс жасауының алдын алу бойынша шаралар қабылдайды;

2) сотталғандардың баланы тәрбиелеуден және оны күтуден жалтару, тұрғылықты жері бойынша теріс мінезделу фактілері анықталған жағдайда, қажетті ақпараттар жинақталады және ІЮ-ның кәмелетке толмағандар істері жөніндегі бөліністеріне электронды немесе жазбаша түрде жолданады.

93. Сотталғандардың жазаны өтеуді кейінге қалдыру шарттарын сақтамауы мыналар:

1) әкімшілік жазалау шараларын қолдануға әкеп соққан қоғамдық тәртіпті бұзу;

2) баланы тәрбиелеуден және оны күтуден жалтару болып табылады.

94. Осы Қағидалардың 93-тармағында көрсетілген кез-келген бұзушылықтар анықталғаннан кейін Пробация қызметі үш жұмыс күні ішінде сотталғанды Пробация қызметіне шақырту бойынша шара қабылдайды, ал ол келмеген жағдайда тұрғылықты жері бойынша барады, одан жол берген бұзушылықтың себептері туралы түсініктеме алады, профилактикалық әңгімелесу жүргізеді және жазбаша ескерту жариялайды, ол номенклатуралық іске тігіледі және ОАДБ-ға енгізіледі.

95. Егер сотталған баласынан бас тартса, не баланы тәрбиелеуден жалтаруды жалғастырса, не бақылаудан жалтарса, немесе екі рет жазбаша ескертуден кейін қоғамдық тәртіпті бұзуды жалғастырса, Пробация қызметі бес жұмыс күні ішінде сотталғанның тұрғылықты жері бойынша жазаны орындауды кейінге қалдырудың күшін жою және сотталғанды сот үкімімен тағайындалған жазаны өтеуге жіберу туралы ұсынымды электронды немесе жазбаша түрде сотқа енгізеді. Ұсынымға жазаны орындауды кейінге қалдыру туралы сот шешімінің көшірмесі және сотталғанның баланы тәрбиелеуден және оны күтуден жалтаруын растайтын материалдар, жұмыс орны мен тұрғылықты жерінен мінездемелер, басқа да құжаттар қоса беріледі.

ҚР ҚК 74-бабының үшінші бөлігінде көрсетілген, жазаны орындаудың кейінге қалдыру мерзімі аяқталғаннан кейін немесе бала шетінеген не жүктілігі үзілген жағдайларда оны өтеу мерзімін кейінге қалдыру туралы мәселелерді Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 476-бабының 10) тармақшасына сәйкес шешіледі.

Ескерту. 95-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.08.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

96. Егер сотталған бақылаудан жасырынған болса, Пробация қызметі бастапқы іздестіру іс-шараларын жүзеге асырады.

97. Сот үкімінде көрсетілген кейінге қалдыру мерзімі аяқталғаннан кейін немесе бала өлген жағдайда не жүктілік үзілген жағдайда, сотталғанның тұрғылықты жері бойынша Пробация қызметі оның мінез-құлқын, баланы тәрбиелеуге қатынасын ескере отырып, сотталғанды жазасының қалған бөлігін өтеуден босату туралы не жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру туралы, не оны қылмыстық-атқару жүйесі мекемесіне жіберу туралы бес жұмыс күні ішінде сотқа электронды немесе жазбаша түрде ұсыным жолдайды.

Ұсынымда сотталғанның жеке басын, мінез-құлқын және жазаны өтеуді кейінге қалдырған кезінде оның баланы тәрбиелеуге қатынасын сипаттайтын деректері келтіріледі, сот актісімен тағайындалған жазаның өтелген және өтелмеген мерзімдері көрсетіледі. Ұсынымға жұмыс орнынан мінездеме және басқа да құжаттар қоса беріледі

Ескерту. 97-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.08.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-параграф. Сотқа дейінгі пробация бойынша жұмысты ұйымдастыру

98. Сотқа дейінгі пробация мынадай күдіктілерге, айыпталушыларға:

- 1) кәмелетке толмағандарға;
- 2) мүгедектігі бар адамдарға;
- 3) әйелдерге:

елу сегіз жастағы және одан асқан әйелдерге;

жүкті әйелдерге;

үш жасқа дейінгі жас балалары бар әйелдерге;

- 4) ерлерге:

алпыс үш жастағы және одан асқан ерлерге;

үш жасқа дейінгі жас балаларды жалғыз өзі тәрбиелейтін ерлерге қатысты ерікті негізде қолданылады.

99. Сотқа дейінгі баяндаманы дайындау күдіктінің, айыпталушының не оның адвокатының, заңды өкілінің Пробация қызметіне жүгінген күннен басталады.

100. Пробация қызметі:

1) сотқа дейінгі баяндаманы дайындауға өтініш жасаған және оларға сотқа дейінгі баяндаманы табыс еткен күнін көрсете отырып, электрондық немесе қағаз тізімдерін жүргізеді;

2) өзіне қатысты пробация қолданылатын адамның тұрғылықты жерін, оның денсаулық жағдайын, білім деңгейін және жұмыспен қамтылуын анықтайды;

3) ҚР ҚАК-тің 22-бабына сәйкес әлеуметтік-құқықтық көмек алуды түсіндіреді;

4) күдіктіге, айыпталушыға қатысты сотқа дейінгі баяндаманы дайындауды жүзеге асырады.

101. Сотқа дейінгі баяндама Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 4 ақпандағы № 90 бұйрығымен бекітілген Сотқа дейінгі баяндаманы дайындау әдістемесіне сәйкес дайындалады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14876 болып тіркелген) және Пробация қызметі сот талқылауы басталғанға дейін жүгінген адамға беріледі.

102. Қылмыстық іс сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында тоқтатылған, сотқа дейінгі баяндаманы жасаудың қажеті жоқ болған жағдайда, пробация қызметі сотқа дейінгі пробацияны жүргізбейді.

10-параграф. Кәмелетке толмаған сотталғандарға қатысты жазаларды орындау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру

103. Пробация қызметі:

1) есепке қою кезінде:

кәмелетке толмағандармен оның заңды өкілдерінің, қажет болған жағдайда - психолог немесе ұстаздың қатысуымен, алғашқы профилактикалық сипаттағы әңгімелер жүргізеді;

жазаны өтеу шарттарын және тәртібін түсіндіреді;

кәмелетке толмағанның сауалнамалық деректерін, жақын туыстары және кәмелетке толмағандарға ықпал ететін адамдар туралы мәліметтерді, сондай-ақ оның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру үшін маңызы бар басқа да мәселелерді нақтылайды.

Кәмелетке толмағанмен әңгімелесу жүргізгеннен кейін әңгімелесу анықтамасы толтырылады, сондай-ақ қолхат алынады, олар номенклатуралық іске тігіледі және ОАДБ-ға енгізіледі. Әңгімелесу анықтамасында және қолхатта кәмелетке толмаған, оның заңды өкілдері қол қояды;

2) кәмелетке толмағанға қатысты сот үкімі келіп түскен күнінен бастап бір тәулік ішінде қорғаншылық және қамқоршылық органдарына осы Қағидаларға 17-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша электронды немесе жазбаша түрде хабарлама жолдайды;

3) іздестіруде жүрген кәмелетке толмаған ұсталған кезде, жауап алу және жазасын өтеуден жалтаруына мүмкіндік туғызған себептер мен жағдайларды анықтау үшін дереу оның заңды өкілдерін шақыртады;

4) қорғаншылық және қамқоршылық органының өкілдерімен бірлесіп, тоқсан сайын номенклатуралық іске тігілетін және ОАДБ-ға енгізілетін акт жасай отырып, кәмелетке толмағандардың тұрғын үй жағдайын зерттеп-қарауды жүргізеді.

104. Пробация қызметі кәмелетке толмағандар арасында қылмыстарды, құқық бұзушылықтарды ескерту мақсатында мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

1) ай сайын кәмелетке толмағанның мекенжайына, оқу немесе жұмыс орнына барады, баланың заңды өкілдерінің қатысуымен онымен профилактикалық сипаттағы әңгімелесу өткізеді;

2) сотталғандар жол берген қандай да бір құқық бұзушылықпен байланысты мән-жайларды анықтау үшін, кәмелетке толмағанның заңды өкілдерін, сондай-ақ басқа адамдарды шақырады;

3) жеткіншектің құқық бұзушылық немесе қылмыс жасау фактісі бойынша кәмелетке толмағаннан, оның заңды өкілдерінен түсініктеме талап етеді;

4) ата-аналарымен, кәмелетке толмағандармен спирттік ішімдіктер ішу жөніндегі фактілері анықталған жағдайда, егер ата-аналары кәмелетке толмаған тарапынан қандай да бір құқық бұзушылық жасауға мүмкіндік туғызған жағдайда, Пробация

қызметі ІІО-ға, қорғаншылық және қамқоршылық органдарға мәлімет үшін хабарламаны электронды немесе жазбаша түрде жолдайды, ол номенклатуралық іске тігіледі және ОАДБ-ға енгізіледі;

5) кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, білім беру ұйымдарының лауазымды тұлғаларынан кәмелетке толмағандар туралы мәліметтерді, сондай-ақ ОАДБ-ға енгізу үшін қажетті ақпараттарды сұратады.

11-параграф. Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға ұсыну не ауруына байланысты медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдана отырып немесе қолданбай жазадан босату туралы тәртібі

105. Бас бостандығын шектеуге сотталғандар және түзеу жұмыстарына сотталған кәмелетке толмағандар ҚР ҚК-нің 72 және 86-баптарында көзделген заңмен белгіленген жаза мерзімінің бір бөлігін өтеген кезде Пробация қызметі:

1) бес күндік мерзімде жазбаша түрде сотталғанға сотқа жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтініш беру құқығының келгені туралы жеке немесе тапсырыс поштасы, телефонограмма немесе жедел хатпен, хабарламалар мен шақыртуларды тіркеуді қамтамасыз ететін байланыс құрылғылары арқылы абоненттік нөмірі бойынша мәтіндік хабарламамен немесе электрондық поштамен осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарлайды;

2) сотталған жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтініш бергеннен кейін он күннің ішінде сотқа тиісті материалдарды қоса бере отырып, оны сотқа электронды немесе жазбаша түрде жібереді, сондай-ақ заңдардың қолданылуын қадағалауды жүзеге асыратын прокурорды электронды немесе жазбаша түрде хабардар етеді;

3) сотталғанның жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтінішіне оның жеке басын, мінез-құлқын сипаттайтын деректерді қоса ұсынады.

106. Сот бас тартқан жағдайда қайта өтінішхат бас тарту туралы қаулы шығарылған күннен бастап кемінде алты ай өткеннен кейін енгізіледі.

107. Тұрғылықты жері бойынша емханаларынан арнайы медициналық комиссияның оң қорытындысын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Пробация қызметі сотқа сотталғанды ауруына байланысты медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдана отырып немесе қолданбай жазасын өтеуден босату туралы ұсынымды электронды не жазбаша түрде жолдайды.

Ескерту. 107-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.08.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12-параграф. Бастапқы іздестіру іс-шараларын жүзеге асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру

108. Пробация қызметі:

1) бас бостандығының өтелмеген бөлігін бас бостандығынан шектеу түріндегі жазаға ауыстыру кезінде қылмыстық-атқару жүйесі мекемесі әкімшілігінің белгілеген мерзімінде келмеуі;

2) жазаны орындауды кейінге қалдыруға байланысты қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінен босатылған күнінен бастап екі апталық мерзімде келмеуі;

2-1) қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды тағайындау кезінде сот белгілеген мерзімде келмеуі;

2-2) жаңа тұрғылықты жері бойынша (тұрақты немесе уақытша тұру) пробация қызметі белгілеген мерзімде келмеуі;

3) оны жазаны өтеуден жалтарған деп танылған жағдайда келесі күні сотталғанның орнын анықтауды және оның жалтаруы салдарын белгілеу бойынша іздестіру жөнінде бастапқы іздестіру іс-шараларын өткізеді.

Пробация қызметіне тіркелу үшін келмеген күннен бастап он бес күннен астам тұрған жері анықталмаған сотталған адам жазаны өтеуден жасырынып жүр деп танылады.

Ескерту. 108-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.08.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

109. Бастапқы іздестіру іс-шаралары:

1) сотталғанның байланыстары және оның ықтимал орналасқан жері туралы мәліметтерді немесе сотталғанды іздестіруге мүмкіндік туғызатын өзге де деректерді білетін туыстарынан, көршілерінен және адамдардан сұрауды;

2) оның ықтимал орналасқан жері туралы мәліметтерді;

3) ПО-ның есептері бойынша қамауға алынғандардың, сотталушылардың, тұрғылықты жері, құжаттары жоқ адамдарға арналған қабылдау-тарату орындарында ұсталғандардың арасында, білім беру органдарының қарамағындағы Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығында, сондай-ақ медициналық мекемелердің, мәйітханалардың есептері бойынша бой тасалаған адамды анықтау мақсатында тексеруді;

4) іздестірудегі адамды оның туыстары мен таныстарының тұрғылықты жері бойынша анықтау үшін қалалық, аудандық (басқарма) полиция бөлімдеріне және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Пробация қызметтеріне сұрау салуды қамтиды.

Ескерту. 109-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.08.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

110. Бастапқы іздестіру іс-шаралары он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өткізіледі және егер оның нәтижелері бойынша сотталғанның болған жері анықталмаса,

онда Пробация қызметі алдағы үш жұмыс күні ішінде іздестіру жариялау және бұлтартпау шараларын таңдау туралы ұсынымды электронды немесе жазбаша түрде сотқа енгізеді.

Ескерту. 110-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.08.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

111. Іздеу жариялау туралы ұсынымға үкімнің көшірмесі, үкім заңды күшіне енгендігі туралы анықтама, бастапқы іздестіру іс-шараларының көшірмелері, жазаның өтелмеген мерзімі туралы анықтама қоса тіркеледі.

Ескерту. 111-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.08.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

112. Сотталғанды іздестіруге жариялау туралы сот қаулысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде одан әрі іздестіру үшін бастапқы іздестіру іс-шаралары материалдарының көшірмелері криминалдық полиция қызметіне жіберіледі.

Ескерту. 112-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.08.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

113. Сотталғанның тұрғылықты жерін анықтаған соң, Пробация қызметі оған қатысты іздестіруді тоқтату туралы мәселені қоя отырып, соттың үкімімен тағайындалған шартты түрдегі жазаны, жаза өтеуді кейінге қалдыру, қоғамдық жұмыстарын қамауға, түзеу жұмыстарын қоғамдық жұмыстарға не қамауға, бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айыруға ауыстыру туралы ұсынымды электронды немесе жазбаша түрде сотқа жолдайды.

13-параграф. Сотталғандарды Пробация қызметінің есебінен шығару тәртібі

114. Сотталғанды Пробация қызметі есебінен шығаруды растайтын негізгі құжаттар :

- 1) түзеу жұмыстарының, қоғамдық жұмыстарының, бас бостандығын шектеу жазаларының өтелмеген мерзімін өзге жазамен ауыстыру туралы соттың ұйғарымы, қаулысы;
- 2) шартты түрде соттаудың күшін жою туралы соттың ұйғарымы, қаулысы;
- 3) жазаны өтеуді кейінге қалдырудың күшін жою туралы соттың ұйғарымы, қаулысы;
- 4) сотталған адамды босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түріне ауыстыру туралы соттың ұйғарымы, қаулысы;
- 5) үкімнің күшін жою туралы соттың ұйғарымы, қаулысы;
- 6) психиканың бұзылуы, ауыр дерт немесе бірінші немесе екінші топтағы мүгедектікті белгілеу салдарынан босату туралы соттың ұйғарымы, қаулысы;

7) бас бостандығын шектеу жазасынан шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы соттың ұйғарымы, қаулысы;

8) рақымшылық немесе кешірім жасау актілеріне сәйкес олардың орындалуы жүктелген құзыретті органдардың құжаттары;

9) жаңа қылмыс жасаған сотталғанға қатысты заңды күшіне енгені туралы өкімімен бірге сот үкімінің көшірмесі;

10) сотталғанның қайтыс болғаны туралы куәлік;

11) сотталғанды жаңа тұрғылықты жері бойынша Пробация қызметінің есебіне қойылғаны туралы ОАДБ-да растау.

115. Қоғамдық және түзеу жұмыстарына тарту түріндегі жазаларды өтеген немесе одан басқа негіздер бойынша босатылған адамдарға анықтама беріледі.

116. Шартты түрде сотталған адамдарды жазаны өтеуден мерзімінен бұрын босату Пробация қызметіне сот шешімдері келіп түскен күні жүргізіледі.

117. Жазасын өтеуді кейінге қалдыру арқылы сотталған адамды есептен шығару сот ұйғарымы, қаулысы келіп түскен күні жүргізіледі.

118. Қоғамдық және түзеу жұмыстарына тарту, бас бостандығын шектеуді жазалаудың басқа түріне ауыстыруға, шартты соттаудың және жазаны атқару мерзімін кейінге қалдырудың күшін жоюға, сондай-ақ жаңа қылмысы үшін соттауға байланысты сотталғанды есептен шығару заңды күшіне енген сот шешімдері негізінде оларды алған күні жүргізіледі.

119. Сотталғанды есептен шығару күні мен негіздемесі туралы мәліметтер ОАДБ-ға енгізіледі.

120. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 07.08.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14-параграф. Мемлекеттік наградаларды және оған қоса берілген құжаттарды алып қою тәртібі

121. Қазақстан Республикасы Президентінің сотталғанды мемлекеттік наградадан айыру туралы Жарлығын (бұдан әрі - Жарлық) алған кезде Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті немесе қылмыстық-атқару жүйесінің аумақтық органдары сотталғанның орналасқан жері бойынша Пробация қызметіне электронды немесе жазбаша түрде тиісті Жарлықты орындау үшін жолдайды.

122. Пробация қызметі Жарлықты алған соң он жұмыс күні ішінде сотталғанның орналасқан жерін анықтайды.

123. Сотталғанның орналасқан жерін (қылмыстық-атқару жүйесі мекемесін) анықтағаннан кейін, оны Пробация қызметінің қызметкері бес жұмыс күні ішінде

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен қол қою арқылы таныстырады және мемлекеттік награда мен оған қоса берілген құжаттардың орналасқан жерін анықтайды.

124. Мемлекеттік награда және оған қоса берілген құжаттар басқа облыста табылған жағдайда, Пробация қызметі бес жұмыс күні ішінде Жарлықтың көшірмесін электронды немесе жазбаша түрде тиісті облыстағы қылмыстық-атқару жүйесі органына орындау үшін жолдайды.

125. Жарлықтың көшірмесін алған Пробация қызметінің қызметкері мемлекеттік награда және оған қоса берілген құжаттары бар адамның орналасқан жерін анықтайды және бес жұмыс күні ішінде алып қоюды жүргізеді.

126. Бұл ретте осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алып қою актісі төрт данада жасалады: бірінші дана алып қою жүргізілген адамға жолданады, екінші данасы сотталғанның жеке ісіне тігу үшін жолданады, үшіншісі Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігіне және төртіншісі істер номенклатурасына тігіледі. Алып қою кем дегенде екі куәгердің қатысуымен жүргізіледі.

127. Сотталған мемлекеттік награданы беруден, орналасқан жерін көрсетуден бас тартқан немесе жоғалтқан жағдайда Пробация қызметінің қызметкері ол туралы акті жасайды және ПО-ға іс жүргізу шешімін қабылдау үшін материалдарды электронды немесе жазбаша түрде жолдай отырып, ол туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне хабарлайды.

128. Пробация қызметі алынған мемлекеттік наградаларды және оларға қоса берілген құжаттарды "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабына және осы Қағидаға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жолдайды.

15-параграф. Бас бостандығын шектеуге және шартты түрде сотталған адамдарға қатысты электрондық бақылау құралдарын қолдану жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру тәртібі

129. Бас бостандығын шектеуге және шартты түрде сотталған адамдарға (бұдан әрі – сотталғандар) тұрғылықты жері туралы тиісті пробациялық бақылауды қамтамасыз ету және ақпарат алу үшін Пробация қызметі электрондық бақылау құралдарын қолданады.

130. Пробация қызметінің бастығы немесе оны алмастыратын адам сотталғанға сот белгіленген шектеулерге сәйкес тиісті құралдарды орнатудың техникалық мүмкіндіктері болған кезде оны жеке есепке қою кезінде, сондай-ақ одан әрі жазаны орындау кезінде электрондық бақылау құралдарын қолдану туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 130-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 07.08.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

131. Сотталғанға электрондық бақылау құралдарын қолдану туралы шешім осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаулымен ресімделеді, ол сотталғанға және онымен бірге тұратын адамдарға жарияланады, бұл ретте сотталғанға құралды бұзғаны үшін жауапкершілігін түсіндіреді.

132. Электрондық бақылау құралдарын қолдану үшін жауапты Пробация қызметінің қызметкері қаулыны шығарған уақыттан бастап үш жұмыс күні ішінде қажетті құралды орнатуды жүзеге асырады, сотталғанға электрондық бақылау құралдарын пайдалануды түсіндіреді, осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қол қойғызу арқылы пайдалану жадынамасын береді.

133. Электрондық бақылау құралдарын сот жүктеген шектеулердің сақталуына пробациялық бақылауды жүзеге асыру мақсатында Пробация қызметі тікелей сотталғанға оның тұрғылықты жері немесе болу орны бойынша орнатады.

134. Электрондық бақылау құралдарын пайдалануға құзыретті Пробация қызметінің қызметкері:

1) сотталғандарға жүктелген шектеулерді сақтау туралы мониторинг пультінің мәліметтерін қолдану арқылы ақпарат жинақтауды жүзеге асырады;

2) электрондық бақылау құралдарының істен шығуы немесе бұзылуы, зақымдануы, рұқсатсыз шешу, сот белгілеген шектеулерді бұзу фактілері туралы ақпарат алған жағдайда Пробация қызметінің бастығына немесе оны ауыстыратын адамға баянатпен баяндайды.

Пробация қызметінің бастығына немесе оны ауыстыратын адамға электрондық бақылау құралдарының жұмысында байқалған ақауларды дереу баянатпен баяндайды.

135. Электрондық бақылау құралдарының жұмысында ақау кездескен жағдайда, оның себебін анықтау және оларды жою бойынша шаралар қабылдайды.

136. Сот белгілеген шектеулер өзгерген кезде немесе техникалық себептер бойынша электрондық бақылау құралдарын қолдану мүмкін болмаған жағдайда Пробация қызметінің бастығы немесе оны ауыстыратын адам электрондық бақылау құралдарын қолдануды тоқтатады немесе осы Қағидаға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотталғандарға қатысты тиісті негізделген электрондық бақылау құралдарын қолдануды алып тастау (алмастыру) туралы қаулыны қабылдай отырып, оларды қолдану тәртібін және қолданатын техникалық құралдардың жиынтығын өзгертеді.

Электрондық бақылау құралдарын пайдалануға жауапты Пробация қызметінің қызметкері қаулыны шығарған уақыттан бастап үш жұмыс күні ішінде қажетті құралды алып тастайды (немесе ауыстырады).

137. Егер сотталған бұзу фактісін мойындамаған жағдайда Пробация қызметі электрондық бақылау құралдары арқылы алынған бұзушылыққа жол берген фактілер туралы мәліметті зерделеу арқылы тексеру жүргізеді.

138. Сотталған электрондық бақылау құралын зақымдаған (бүлдірген) жағдайда Пробация қызметі осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық бақылау құралдарындағы ақауды анықтау актісін жасайды.

Электрондық бақылау құралдарын зақымдау (бүлдіру) себептерін анықтау үшін Пробация қызметі облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша ҚАЖД-ның ақпарат және байланыс бағыты бойынша жауапты қызметкерге акті бойынша береді.

Параграф 16. Сотталғандардың тұрақты тұрғылықты жерінің өзгергені туралы хабардар ету кезінде жұмысты ұйымдастыру

Ескерту. Қағидалар 16-параграфпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 07.08.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

139. Сотталғандар тұрғылықты жерінің өзгергені туралы Пробация қызметін жазбаша нысанда хабардар етеді.

Пробация қызметі сотталғаннан хабарлама алған кейін, сол күні одан көшу себебін, бірге тұратын туыстарының, таныстарының байланыстарын нақтылайды (көрсетілген қалада, ауданда, кентте, ауылда).

140. Сотталған адамнан тұрғылықты жерінің ауысқаны туралы хабарлама алғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде Пробация қызметі (сотталған есепте тұратын жер) ОАДБ және қызметтік электрондық пошта арқылы сотталған адамды таңдаған тұрғылықты жері бойынша тексеру туралы сұрауды аумақтылығы бойынша Пробация қызметіне жібереді.

141. Сұрауды ОАДБ және қызметтік электрондық пошта арқылы алған Пробация қызметі күнтізбелік үш күн ішінде сотталған адамды тұрғылықты жері бойынша көрсетілген мекенжайда оның тұру фактісін анықтау үшін тексереді, ол туралы баянат жасалады.

Растайтын құжаттарды қоса бере отырып, тәулік ішінде сотталғанның таңдаған тұрғылықты жері бойынша тұратыны не тұрмайтыны туралы сұрауға жауапты ОАДБ және қызметтік электрондық пошта арқылы жібереді.

142. Пробация қызметі сотталған адамның таңдаған тұрғылықты жері бойынша тұратыны туралы растауды алғаннан кейін сотталған адамның жаңа тұрғылықты жері бойынша Пробация қызметіне есепке қою үшін ОАБД арқылы электрондық істі жібереді, бұл оны бұрынғы тұрғылықты жері бойынша Пробация қызметінің есебінен шығару үшін негіз болып табылады.

Жаңа тұрғылықты жері бойынша сотталған адамның тұрмайтыны туралы жауап алған кезде Пробация қызметі (сотталған есепте тұрған) сотталған адамның орналасқан жерін анықтау бойынша бастапқы іздестіру іс-шараларын жүргізеді.

143. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі - ҚПК) 476-бабының 1), 8) және 10) тармақтарында көзделген мәселені шешу үшін сотқа ұсыным жолдауға негіз болған жағдайда Пробация қызметі (сотталған есепте тұрған) жоғарыда көрсетілген мәселелерді шешу үшін сотқа ұсыным жібереді.

Бұл ретте, сотталған адамның жаңа тұрғылықты жері бойынша Пробация қызметі қызметтік электрондық пошта арқылы хабардар етіледі.

Параграф 17. Әкімшілік-аумақтық бірліктен тыс жерлерге уақытша шығу туралы хабардар ететін сотталғандарға бақылауды жүзеге асыру тәртібі

Ескерту. Қағидалар 17-параграфпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 07.08.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

144. Сотталғандар әкімшілік-аумақтық бірліктен тыс жерге уақытша кеткені туралы Пробация қызметіне жазбаша нысанда хабарлайды.

145. Сотталған адамнан әкімшілік-аумақтық бірліктен тыс жерге уақытша кету туралы хабарлама алған күннен бастап бір тәулік мерзімде Пробация қызметі ОАДБ және қызметтік электрондық пошта арқылы хабарламада көрсетілген тұрғылықты жері (емделуі, жұмысы, оқуы) бойынша сотталған адамның уақытша тұруы туралы ақпаратты Пробация қызметіне жібереді.

Ақпаратта сотталған адамның деректері, келген күні және уақытша тұрғылықты жерінің (емдеу, жұмыс, оқу) мекенжайы, болу мерзімі мен мақсаты, сот жүктеген міндеттері көрсетіледі.

Пробация қызметі ОАДБ және қызметтік электрондық пошта арқылы ақпарат алғаннан кейін сотталғанның мінез-құлқына, сондай-ақ оның сот жүктеген және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндеттердің сақталуына оны өз есебіне қоймай уақытша бақылауды жүзеге асырады.

Сотталғанның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру туралы ақпарат ОАДБ-ға енгізіледі, ал растайтын материалдар қызметтік электрондық пошта арқылы Пробация қызметіне (сотталған есепте тұрған) жіберіледі.

Пробация қызметінің
жұмысын ұйымдастыру
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Сот шешімін орындауға қабылдау туралы ХАБАРЛАМА

(сот атауы,

оның орналасқан жері)

Қазақстан Республикасы ҚК-нің _____ бабы бойынша
сотталған

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және туған жылы)

_____ сотының 20 __ жылғы " __ " _____ үкімнің
көшірмесі 20 __ жылғы " __ " _____ алынғанын және атқаруға қабылданғанын
хабарлаймыз.

Сотталған _____ мінез-құлқы
бақылауға алынды.

_____ (орган атауы)

бастығы (аға инспекторы, инспекторы) _____

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20 __ жылғы " __ " _____

Мөр орны

Пробация қызметінің
жұмысын ұйымдастыру
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

БАҚЫЛАУ-МЕРЗІМДІК КАРТОЧКАСЫ

Мерзімнің аяқталуы _____

(күні, жаза түрі: түзеу жұмыстары, шартты түрде соттау, жазаны орындауды

_____ кейінге қалдыру, белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен айналысу

_____ құқығынан айыру, бас бостандығыншектеу және қоғамдық жұмыстары)

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға жіберілген күні (ШТМББ)

20 __ жылғы " __ " _____

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____

Есепке алынды _____

Карточканы _____ толтырды

_____ (орган атауы)

бастығы (аға инспекторы, инспекторы) _____

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20 __ жылғы " __ " _____

Пробация қызметінің
жұмысын ұйымдастыру

қағидаларына

3-қосымша

Нысан

_____ бастығы (директоры)

_____ (жергілікті атқарушы органның атауы)

ЖОЛДАМА-АНЫҚТАМА

Қазақстан Республикасы ҚАК-тың 57, 58, 59-баптарына сәйкес, Сіздің кәсіпорынға
20__ жылғы " __ " _____

(сот атауы)

сотымен Қазақстан Республикасы ҚК-нің _____ бабы бойынша _____ сағат
қоғамдық жұмыстарға сотталған _____

((тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), туған жылы,

_____ тұрғылықты жері, негізгі жұмыс (оқу) орны)

жазасын өтеу үшін жіберіледі.

Мөр орны _____

(органның атауы)

бастығы (аға инспекторы, инспекторы) _____

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы " __ " _____

----- кесу сызығы-----

Жолдаманы алғаннан кейін хабарламаны толтырып, мөрмен растап және дереу

Пробация

қызметіне жіберілсін.

Хабарлама

20__ жылғы " __ " _____ № _____

_____ пробация қызметіне Сотталған

_____ (тегі, аты-жөні)

_____ қоғамдық жұмыстарды орындауға

(жұмыстың атауы)

20__ жылғы " __ " _____ кірісті.

Мөр орны _____

(органның атауы)

бастығы (аға инспекторы, инспекторы) _____

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20 __ жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы ҚАК-тың 62-бабына сәйкес жергілікті атқарушы органдар сот үкімін алғаны және оны орындауға қабылдағаны туралы Пробация қызметіне дереу хабарлайды; жұмыс істеген уақытын есепке алу табелін жүргізеді, орындалған жұмыс актілерін жасауға және ағымдағы жылдың соңғы күнінен кешіктірмей оларды Пробация

қызметіне жібереді; сотталғанның мінез-құлқы туралы пробация қызметін хабардар етеді;

сотталғанның жазаны өтеуден жалтаруы туралы Пробация қызметін хабардар етеді.

Пробация қызметінің
жұмысын ұйымдастыру
қағидаларына
4-қосымша

Нысан

ҰСЫНЫМ

Мен, _____
(лауазымы, атағы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

_____ (аумақтық органның атауы)

20 __ жылғы " __ " _____
(сот атауы)

Қазақстан Республикасы ҚК-нің _____ бабы бойынша _____

_____ сотталып,
(жаза мерзімі және түрі)

20 __ жылғы " __ " _____

бастап пробация қызметі есебіне алынған сотталған

_____ материалдарды қарап
(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілген болса), туған жері және жылы)

АНЫҚТАДЫМ:

_____ (шешілетін мәселеге және сотталғанның санатына байланысты: ұсыным шығарылған

_____ кезіндегі жазаның өтелген және өтелмеген мерзімі, сотталғанның мінез-құлқын,

еңбекке көзқарасын, оған сот жүктеген міндеттерді орындауын, қашан және қандай жазаны

өтеу тәртібін бұзғаны, қоғамдық тәртіптің, алып келулер, ескертулер пробация қызметімен

қашан шығарылған, сотталғанның денсаулық жағдайы, мүгедектік тобын анықтау,

психикасының бұзылуының немесе басқа ауыр ауруының болуы, жүктілігі және тууы

бойынша демалысының берілген мерзімдері, ал тұрғылықты жері белгісіз адамдарға,

Пробация қызметі бақылауынан және жазаны өтеуден жалтару мақсатында бой

тасалаған және де бастапқыздеуіс-шараларының нәтижелері көрсетіледі)

Баяндалғанды ескере отырып және Қазақстан Республикасы ҚК-нің _____

_____ басшылыққа ала отырып,

(Қазақстан Республикасы ҚК-нің бабы көрсетіледі)

(соттың атауы)

сотталған _____

(аты-жөні)

(босатылуы, мерзімінен бұрын босатылуы немесе жүктілігіне байланысты түзеу

жұмыстарынан шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы, түзеу жұмыстарын қоғамдық

жұмыстармен не қамаумен алмастыру, сотталғандығын немесе шартты сотталудың күшін

жою,пробациялық бақылау мерзімін ұзарту, шартты түрде соттаудың немесе жаза өткеру

мерзімін кейінге қалдырудың күшін жою, сотталған әйелді түзеу мекемесіне қайтару,

жазаның өткерілмеген мерзімін жеңілдеу түріне алмастыру немесе босату, бұрын

қойылған міндеттердің күшін толығымен немесе ішінара жою, (әйтпесе қосу) сотқа мәселені шешу үшін құжаттарды жолдауды мақсатқа сай деп санаймын.

Қосымша _____ парақта.

Мөр орны _____

(органның атауы)

бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы "___" _____

Пробация қызметінің
жұмысын ұйымдастыру
қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Түзеу жұмыстарын қоғамдық жұмыстармен, қамаумен, бас бостандығын шектеумен және бас бостандығынан айырумен, қоғамдық жұмыстарды қамаумен, бас бостандығын шектеумен және бас бостандығынан айырумен, бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айырумен, шартты түрде соттаудың, жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдырудың күшін жою туралы ескерту

Мен, _____ пробация қызметінің
(аумақтық органның атауы, лауазымы)

20_ жылғы " ___ " _____

(лауазымы, тегі, аты-жөні)

сотталған _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

_____ (сотталғанның сот жүктеген міндеттерді орындаудан, баланы тәрбиелеуден немесе

_____ караудан бас тартудың, қашан, қай кезде қоғамдық тәртіпті бұзды, ол үшін

_____ қандай әкімшілік жауапқа тартылғандығының нақты фактілері көрсетіледі) үшін пробация қызметіне шақырдым.

Баяндалғанға байланысты негізінде және Қазақстан Республикасы ҚАК-тың 54, 60, 68, 164,

176-баптарын басшылыққа алып, сотталған _____ сот жүктеген міндеттерін

атқармауын жалғастырған немесе қайталап қоғамдық тәртіпті бұзған жағдайда оған осы

жазаның күші жойылуы немесе ауыстырылуы мүмкін екендігі ескертілді.

_____ (органның атауы)

бастығы (аға инспекторы, инспекторы) _____

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20_ жылғы " ___ " _____

Осы ескерту маған жарияланды _____

20_ жылғы " ___ " _____

(сотталғанның қолы)

Пробация қызметінің
жұмысын ұйымдастыру
қағидаларына
6-қосымша

Нысан

ХАБАРЛАМА

_____ (ұйым атауы)

_____ (ұйым басшысының лауазымы, тегі, аты-жөні)

20__ жылғы "___" _____ Қазақстан Республикасы ҚК-нің ___ бабы бойынша сотталған

_____ жұмыс істейтін
(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) (қызметі, жұмыс орны)
_____ мерзімге еңбекақысынан Жәбірленушілерге
(жаза мерзімі)

өтеу қорына ___ % ұстай отырып, түзеу жұмыстарына сотталды.
Сотталғанның еңбекақысынан ұстап қалу хабарлама алынған күннен бастап жүргізіледі және Жәбірленушілерге өтеу қорына аударылсын.

----- кесу сызығы-----
Хабарлама алынған кезде толтырылсын, мөрмен куәландырылсын және пробация қызметіне дереу жіберілсін

РАСТАМА

20__ жылғы "___" _____ № ___
_____ пробация қызметіне
(пробация қызметінің атауы)

Түзеу жұмыстарына сотталған азамат _____
(тегі, аты-жөні)

_____ болып істейді
(жұмыс орны, ұйым)

Сіздер жіберген хабарлама 20__ жылғы "___" _____ алынды және осы күннен бастап ұстап қалу жүргізілетін болады. Сотталғанның еңбекақысынан ұстап қалу жүргізетін

бухгалтер: _____ тел. _____
(тегі, аты-жөні)

Бас (аға) бухгалтер _____
(тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы "___" _____ тел. _____

Мөр орны

Қосымша _____ парақта. Мөр орны _____
(органның атауы)

бастығы (аға инспекторы, инспекторы) _____
(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы "___" _____

Пробация қызметінің
жұмысын ұйымдастыру
қағидаларына
7-қосымша
Нысан

_____ (кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның атауы)

**түзеу жұмыстарын өтеуші адамдардың жұмысы және
20__жылғы _____ жүргізілген ұстап қалу туралы
ЕСЕПТІК МӘЛІМЕТТЕР**

Еңбекақы 20__жылғы _____ берілді

Рет. №	Тегі, аты-жөні	Ұстап қалу туралы хабарламаның № және күні	Кесте бойынша жұмыс күндерінің саны	Өтелмеген жұмыс күндерінің саны және себебі
1	2	3	4	5

кестенің жаллғасы

Еңбекақысының жалпы сомасы	Ұстап қалу мөлшері (% жалақыдан)	Жалпы ұсталғаны	Ж а л п ы аударылғаны	Аударған күні
6	7	8	9	10

Кәсіпорынның (мекеменің) басшысы _____

Бас (аға) бухгалтер _____

"Пробация қызметінің
жұмысын ұйымдастыру
қағидасына
7-1-қосымша
Нысан

_____ (аумақтық органның атауы) Түзеу жұмыстарын өтеушінің № _____ ЕСЕПКЕ АЛУ КАРТОЧКАСЫ

Ескерту. Қағидалар 7-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 07.08.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тегі, аты-жөні (ол болған жағдайда) _____

Туған жылы және жері _____

Мекенжайы _____

Жұмыс орны және лауазымы _____

20__жылғы " __ " _____

(соттың атауы)

ҚК-нің _____ бабы бойынша түзеу жұмыстарына.

Жәбірленушілерге арналған өтемақы қорына еңбекақының (ақшалай қамтылымның

)

_____ пайызын құзырет Қорына аудару мөлшері.

20__ жылғы _____ есепке алынады.

Карточканы толтырған _____

(лауазымы, тегі аты-жөні) (қолы)

Жұмыс орнын немесе тұрғылықты жерін өзгерткені туралы белгі қою орны:

Ұстап қалудың мөлшері _____%. Алынған растауға сәйкес

Ұстап қалу 20__ жылғы _____ басталды.

20__ жылғы " __ " _____ және 20__ жылғы " __ " _____ аралығында қамауда отырды.

Жаза мерзімінің өтелуіне _____ ай _____ күн қалды.

Жылы, ай	Кесте бойынша істелген жұмыс күнінің саны	Жұмыс атқарған күндері	Жұмыс атқармаған күндері және себептері
1	2	3	4

кестенің жалғасы

Тапқан ақшасы	Жалпы аударылғаны	Аударылған күні және құжаттың №	Есеп мәліметтері тігілген істің және парақтың нөмірі
5	6	7	8

Барлығы _____ 20__ жылғы " __ " _____ есептен шығарылды.

Негіздеме: _____

(орган атауы)

_____ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

_____ (атағы, тегі, аты-жөні)

_____ (қолы)

20__ жылғы " __ " _____.

Пробация қызметінің
жұмысын ұйымдастыру
қағидаларына
8-қосымша
Нысан

Түзеу жұмыстарын өтеп жатқан адамдарға жүргізілген ұстап қалудың дұрыстығын тексеру актісі

_____ 20__ ж. _____

(кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның атауы)

Мен, _____ пробация қызметінің (аға инспекторы, инспектор) бастығы

_____ және бас бухгалтер

_____ қатысуымен төмендегі туралы

(тегі, аты-жөні)

осы актіні жасадым: _____ 20__ жылғы

(кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның атауы)

түзеу жұмыстарын _____ адам өтеді.

Рет. №	Тегі, аты жөні	Түзеу жұмыстарын өтеу уақыты 20__ ж. ____ бастап ____ күнге дейін	Жалпы аударылғаны
1	2	3	4

кестенің жалғасы

Ұстап қалудың мөлшері	Ұсталғаны	Ұстап қалу қажет	Ұсталмағаны
5	6	7	8

Осылайша, жоғарыда аталған адамдардан тексеріліп отырған кезеңінде есептеу кезінде.

1. Сот үкіміне сәйкес ұсталғаны _____ теңге

2. _____ теңге жете ұсталмаған.

(жазумен)

Көрсетілген соманы жете ұстап қалу және " ____ " _____ кешіктірмей

Жәбірленушілерге өтеу қорына аудару қажет. _____

(органның атауы)

бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

_____ (атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы " ____ " _____

Кәсіпорынның (мекеменің, ұйымның) басшысы _____

(қолы)

Мөр орны

Бас бухгалтер _____

(қолы)

20__ жылғы " ____ " _____

Пробация қызметінің
жұмысын ұйымдастыру
қағидаларына
9-қосымша

Нысан

ХАБАРЛАМА

_____ (ұйым атауы)

_____ (ұйым бастығының тегі, аты-жөні)

азамат(ша) _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), туған жылы)

_____ жұмыс істейтін түзеу жұмыстары
(лауазымы, ұйым атауы)
түріндегі жазаны өткерді, осыған байланысты оның еңбекақысынан ұстауды
20__ж. _____ бастап тоқтатуды сұраймын

_____ (тоқтатылу негізі көрсетілсін)
Оның іс жүзінде өтеген жаза мерзімі ___ ай _____ күн құрайды.
Мөр орны _____ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
(органның атауы)

_____ (атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20__жылғы "___" _____

Пробация қызметінің
жұмысын ұйымдастыру
қағидаларына
10-қосымша
Нысан

АНЫҚТАМА

Азамат(ша) _____
(ТАӘ (ол болған жағдайда))
20__жылғы "___" _____
(соттың атауы)
Қазақстан Республикасы ҚК _____ бабы бойынша түзеу жұмыстарына (
қоғамдық
жұмыстарға) _____ мерзімге сотталған адам пробация қызметі есебінен 20__
ж.

"___" _____
(есептен шығарылған негіздемесі көрсетілсін)
шығаруына байланысты берілді.
Мөр орны _____
(органның атауы)
бастығы (аға инспекторы, инспекторы) _____

_____ (атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)
20__жылғы "___" _____

Пробация қызметінің
жұмысын ұйымдастыру
қағидаларына
11-қосымша
Нысан

(басшының лауазымы, ұйым,
мекенжайы)

ХАБАРЛАМА

пробация қызметі

(аумақтық органының атауы)

20__ жылғы "___" _____ Қазақстан Республикасы ҚК-нің _____ бабы
бойынша сотталған _____

(лауазымы және іс-әрекеттің қандай түрімен

айналысуға тыйым салынғаны көрсетіледі) _____ сотталған

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)),

туған жылы) _____ жұмыс
істейтін,

(қызметі, жұмыс орны)

_____ сотталғанға _____ соты үкімінің көшірмесін жолдайды.

(соттың атауы)

Қазақстан Республикасы ҚАК-тың 75-бабына сәйкес сотталған жұмыс істейтін
ұйымның
әкімшілігі:

1) заңды күшіне енген сот үкімінің көшірмесін не болмаса Пробация қызметінің
хабарламасын алғаннан кейін үш күннен кешіктірмей, сотталған адамды лауазымынан
немесе айналысу құқығынан айырылған қызмет түрінен босатады; Пробация қызметіне
сот

үкімін орындағаны туралы хабарлама жібереді;

2) Пробация қызметінің талап етуі бойынша жазаны орындауға байланысты
құжаттарды

береді;

3) сотталғанмен еңбек шарты өзгерген немесе тоқтатылған жағдайларда бұл туралы
Пробация қызметіне үш күндік мерзімде хабарлайды.

Ұйым әкімшілігі үшін үкім талаптары міндетті, бұл талаптарды орындамағаны үшін
Қазақстан Республикасы ҚК-тің 430-бабына сәйкес қылмыстық жауапкершілікке
тартылады.

Қосымша: үкімнің көшірмесі _____ парақта. _____

(органның атауы)

бастығы (аға инспекторы, инспекторы) _____

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__жылғы " __ " _____

Мөр орны

_____ кесу талоны _____

(толтырылсын және сотталған атқаратын лауазымынан босатылғаннан кейін үш күн мерзімде жіберілісін)

20__жылғы" __ " _____ № _____

_____ пробация қызметіне.

Азамат(ша) 20__жылғы" __ " _____

соты Қазақстан Республикасы ҚК-нің _____ бабы бойынша _____

сотталған.

20__жылғы" __ " _____ № _____ бұйрықпен тыйым салынған лауазымнан

(қызметтен) босатылды және қазіргі кезде _____

_____ атқарады,

(жаңа лауазымы көрсетілісін)

бұл жайында еңбек кітапшасына тиісті жазба жасалды.

_____ (лауазымы, тегі, аты-жөні, қолы)

Мөр орны

20__жылғы" __ " _____

Пробация қызметінің
жұмысын ұйымдастыру
қағидаларына
12-қосымша

Нысан

_____ бастығына
(белгілі бір қызмет түрімен
айналысуға рұқсат

_____ беретін және күшін жоятын
орган көрсетіледі)

Рұқсаттың күшін жою туралы

ҰСЫНЫМ _____ **үкіміне сәйкес**

(соттың атауы)

20__жылғы " __ " _____ Қазақстан Республикасы ҚК-нің _____ бабы
бойынша азамат(ша) _____

_____ айналысуға тыйым салынды.

(қызмет түрі және қандай мерзімге тыйым салынғаны көрсетіледі)

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы ҚАК-тың 76-бабына сәйкес,

Сіз бұрын _____ айналысуға

берілген рұқсатты қайтаруға және күшін жоюға керек азамат(ша)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)), туған жылы)

_____ берілген және
(қызмет түрі көрсетіледі)

жаза мерзімі аяқталғанға дейін жаңа рұқсат бермеуге тиіссіз.

Сот үкімі орындалмаған жағдайда кінәлі адамдар Қазақстан Республикасы ҚК-нің 430-бабы бойынша жауапқа тартылады. _____

(органның атауы)

бастығы (аға инспекторы, инспекторы) _____

_____ (атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы "___" _____

Пробация қызметінің
жұмысын ұйымдастыру
қағидаларына
13-қосымша

Нысан

Белгілі бір лауазымды атқаруға немесе белгілі бір іс-әрекетпен айналысуға тыйым салынған үкімнің дұрыс орындалуын тексеру АКТІСІ

_____ (тексерген адамның тегі, лауазымы)

Төмендегі адамдардың қатысуымен осы актіні жасадым

1. _____

(тексеріліп отырған кәсіпорынның

2. _____

мекеменің, ұйымның әкімшілігі өкілдерінің лауазымы, тегі,)

_____ (кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның атауы)

Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен айналысу құқығынан айырылған адамның сот үкімін дұрыс орындауын тексерді.

1. _____

(тегі, аты-жөні)

2. _____

(тегі, аты-жөні)

3. _____

(тегі, аты-жөні)

4. _____

(тегі, аты-жөні)

Тексеруде: _____

(тексеріс кезіндегі атқаратын лауазымы, бұйрықтың нөмірі, атқаратын

_____ анықталды.
лауазымынан босатылған күні)

(Сыртқа жағы)

Тексерумен анықталған кемшіліктерді жою мақсатында,

ҰСЫНЫЛАДЫ

(органның атауы)

басшысы (аға инспекторы, инспекторы) _____

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

Кәсіпорынның (мекеме, ұйым) _____

(қолы)

_____ басшысы _____

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

Актінің көшірмесін алдым _____

(қолы)

Ескертпе: Акт екі данада жасалады. Бірінші дана кәсіпорында қалдырылады, екіншісі кәсіпорын өкілінің танысқаны туралы белгісімен пробация қызметінің ісінде сақталады

Пробация қызметінің
жұмысын ұйымдастыру
қағидаларына
14-қосымша

Нысан

_____ (Ұйымның атауы)

_____ (басшының тегі, аты-жөні)

Хабарлама

_____ үкіміне сәйкес

(соттың атауы)

азамат(ша) _____

(лауазымы, жұмыс орны)

20_ жылғы "___" _____ Қазақстан Республикасы ҚК-нің _____ бабына сәйкес _____ мерзімге бас бостандығынан айыру жазасына кесілді және Қазақстан Республикасы ҚК-нің _____ бабына сәйкес _____ жыл _____

(жаза түрі көрсетілсін)

Баяндалғанды ескере отырып, _____ жол берілген барлық еңбек тәртіп бұзушылықтары және оған қолданған тәртіптік жаза туралы есепте тұрған _____ пробация қызметін хабардар етуіңізді сұраймын.

(органның атауы)

бастығы (аға инспекторы, инспекторы) _____

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20_ жылғы "___" _____

Пробация қызметінің
жұмысын ұйымдастыру
қағидаларына
15-қосымша
Нысан

(Ұйымның атауы)

(басшының тегі, аты-жөні)

ҰСЫНЫМ

Үкімнің талаптарына сәйкес _____

(соттың атауы)

20_ жылғы _____ аз. _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

қандай лауазым атқаруға (қандай іс-әрекетпен шұғылдануға) тыйымсалынған

_____ (қандай лауазым атқаруға, қандай іс-әрекетпен айналысуға және қай мерзімге тыйым салынғаны көрсетіледі)

Тексерумен осы күнге дейін сот үкімінің орындалмай отырғаны және сотталған

(тегі, аты-жөні)

_____ жалғастыруда

(қандай қызметте екені, қандай құжат алынғаны, қандай шешім бұзылмағаны)

Сот үкімін мүлтіксіз орындауға дереу шаралар қабылдауды ұсынамын, бұл туралы _____ пробация қызметіне хабарлансын. Сізге егер үкімінің талаптарын орындалмауда кінәлі адамдарды басқа жағдайда Қазақстан Республикасы ҚК-нің 430-бабына сәйкес қылмыстық жауапқа тарту туралы мәселенің шешілетінін хабарлаймыз.

_____ (органның атауы)

бастығы (аға инспекторы, инспекторы) _____

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы "___" _____

Пробация қызметінің
жұмысын ұйымдастыру
қағидаларына
16-қосымша
Нысан

ҚОЛХАТ

Мен, _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), туған жылы, тұрғылықты жері)

20__ жылғы "___" _____ сотымен

(соттың атауы)

_____ Қазақстан Республикасы ҚК-нің _____ бойынша

_____ (жаза мерзімі) (түзеу, қоғамдық жұмыстар, бас бостандығын шектеу,

_____ белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен айналысу құқығынан айыру,

_____ шартты сотталу, жазаны өтеуді кейінге қалдыру)

_____ сотталдым, жазаны және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын өтеу тәртібімен және жағдайымен таныстым.

Пробация қызметінің бақылауынан жасырынғаны үшін және Қазақстан Республикасы ҚАК-ның 21, 53, 59, 66, 74, 164, 174-баптарымен белгіленген жазаны және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын өтеу тәртібі және жағдайын сақтамағаны үшін жауапкершілікке тартылатынымдығы туралы ескерілдім.

20__ жылғы "___" _____

(сотталғанның қолы)

Қолхатты алған _____

(органның атауы)

бастығы (аға инспекторы, инспекторы) _____

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__жылғы " __ " _____

Пробация қызметінің
жұмысын ұйымдастыру
қағидаларына
17-қосымша
Нысан
_____ бастығына
(қорғаншылық немесе
қамқоршылық органының
атауы)

(тегі, аты-жөні)

ХАБАРЛАМА

Сізге мына мекенжай бойынша _____ 20__жылғы
" __ " _____ Қазақстан Республикасы ҚК-нің _____ бабы бойынша

_____ (жаза түрі және мерзімі, сотталған туралы қосымша мәліметтер,

_____ (сот жүктеген міндеттер, бұрынғы сотталғандығы және т.б.)

кәмелетке толмаған сотталған _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

тұратынын хабарлаймыз.

Баяндалғанды ескере отырып, кәмелетке толмаған _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

мінез-құлқы және онымен өткізілген тәрбие жұмысы туралы пробация қызметін
хабарлауыңызды сұраймын.

_____ (органның атауы)

бастығы (аға инспекторы, инспекторы) _____

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__жылғы " __ " _____

Пробация қызметінің
жұмысын ұйымдастыру
қағидаларына
18-қосымша
Нысан

(кімге)

Хабарлама

_____ облысы бойынша ҚАЖД-ның
(атауы)

_____ пробация қызметі
(атауы)

Қазақстан Республикасы ҚАК-нің 162-бабының 1-бөлігінге сәйкес, Сізді шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы мәселені қарау үшін сотқа өтініш беру құқығыңыз туындағаны туралы хабардар етеді.

Қазақстан Республикасы ҚК-ның 72-бабына сәйкес шартты түрде мерзімінен бұрын босату нақты жаза мерзімін _____ өтегеннен кейін қолданылады, яғни Сіздің өтініш беру мерзіміңіз 20__ жылғы "___" _____ басталады.

(органның атауы)

бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы "___" _____

Пробация қызметінің
жұмысын ұйымдастыру
қағидаларына
19-қосымша
Нысан

Мемлекеттік наградалар мен оларға қоса берілген құжаттарды алып қою актісі

20__ жылғы "___" _____

(елді мекеннің атауы)

Мен, _____

(алып қоюды жүргізген қызметкердің лауазымы, атағы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

сотталғаннан (туыстарынан)

(мемлекеттік наградаларды алып қою жүргізілген

сотталғанның (туыстарының) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

тұрғылықты мекенжайы, алып қоюға қатысқан куәгерлердің қатысуларымен

аты-жөндері, толық айқындама белгілері, тұрғылықты мекенжайы көрсетіледі)

(қандай мемлекеттік наградалар және оларға қоса берілген құжаттар,

алу жүргізілді. олардың жай-күйі көрсетіледі)

Алып қою бойынша ескертулер _____

(алып қою бойынша ескертулер көрсетіледі)

Алып қоюды жүргізген:

(алып қоюды жүргізген қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

және қолы қойылады)

Кімнен алынып қойылды _____

(мемлекеттік награда және оған қоса берілген құжаттар алынған

адамның (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және қолы қойылады)

Мөр орны 20__ жылғы " ____ " _____

Пробация қызметінің жұмысын
ұйымдастыру қағидаларына
20-қосымша
Нысан

Хабарлама

(хабарлама жолданатын органның атауы)

(аумақтық Пробация қызметінің атауы)

сотталған _____

(сотталғанның (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасынан және оған қоса берілген құжаттарынан айыру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 20__ жылғы " ____ " _____ № ____ Жарлығының орындалғанын хабарлаймыз.

Алынған мемлекеттік наградалар және оларға қоса берілген құжаттар "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабына сәйкес Сіздің мекенжайға 20__ жылғы " ____ " _____ шығ. № _____ жолданды.

(органның атауы)

бастығы (аға инспекторы, инспекторы) _____

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы " __ " _____

Пробация қызметінің жұмысын
ұйымдастыру қағидаларына
21-қосымша
Нысан

Сотталғандарға қатысты электрондық бақылау құралдарын қолдану туралы қаулы

Мен, _____
(пробация қызметінің атауы, бастықтың орнындағы адам)

_____ (лауазымы, тегі, аты-жөні)

_____ (тегі, аты-жөні)
" __ " _____ 20__ жылғы _____

(сот атауы)

Қазақстан Республикасы ҚК-нің _____ бабы _____ бойынша сотталған

_____ (бас бостандығын шектеу, шартты түрде соттау)

_____ (тегі, аты-жөні)

_____ материалдарын қарап,

Анықтадым:

_____ (электрондық бақылау құралдарын орнатудың қажеттілігін дәлелдейтін

_____ себептер мен шарттар көрсетіледі)

Баяндалғанның негізінде және Қазақстан Республикасы ҚАК-нің 69-бабының 1-бөлігін,
174-бабының 5-бөлігін, басшылыққа алып,

Қаулы еттім: _____ электрондық бақылау
құралдары

(электрондық бақылау құралдарының атауы)

сотталған _____ қатысты қолданылсын.

(тегі, аты-жөні)

Тұрғылықты жері бойынша электрондық бақылау құралдарын орнату (күні) мерзімі

_____ (_____)

(электрондық бақылау құралдарын орнату күнімен таныстыру туралы оператордың
қолы)

(органның атауы)

бастығы (аға инспекторы, инспекторы) _____

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы " __ " _____

Мөр орны

Қаулымен таныстым: _____

(қолы) (тегі, аты-жөні)

20__ жылғы " __ " _____

Мен, _____, электрондық бақылау құралын

(тегі, аты-жөні)

жоғалтқан не зақым келтірген, жойған кезде және осыған байланысты ерікті түрде келтірілген залалды өтеуден бас тарту жағдайда осы мәселе белгіленген заң тәртібінде шешілетіні туралы таныстым.

(сотталғанның қолы)

Пробация қызметінің
жұмысын ұйымдастыру
қағидаларына
22-қосымша
Нысан

Бас бостандығын шектеуге және шартты түрде сотталғанның электрондық бақылау құралдарын пайдалану жөніндегі жадынаманы алу туралы қолхаты

Сотталған _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

_____ кезеңге

(құралдың түрі көрсетіледі)

_____ электрондық бақылау құралдары тағылды.

(іс-әрекет ету аумағы, қуат беру затын ауыстыру мерзімі, басқа да сипаттамасы)

_____ осы құралды пайдалану тәртібі түсіндірілді.

Таныстырған: _____

(органның атауы)

бастығы (аға инспекторы, инспекторы) _____

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы " __ " _____

Жадынаманы алған: _____

(сотталғанның (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдай))

20__жылғы " __ " _____

Пробация қызметінің жұмысын
ұйымдастыру қағидаларына
23-қосымша
Нысан

Сотталғандарға қатысты электрондық бақылау құралдарын қолдануды алып тастау (алмастыру) туралы қаулы

Мен, _____

(пробация қызметінің атауы, бастықтың орнындағы адам)

_____ бастығы _____

(лауазымы, тегі, аты-жөні)

20__жылғы " __ " _____

(соттың атауы)

Қазақстан Республикасы ҚК-нің _____ бабы _____ бойынша _____

_____ (жаза мерзімі)

_____ (бас бостандығын шектеу шартты түрде соттау)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

материалдарын қарап,

Анықтадым:

_____ (электрондық бақылау құралдарын қолдануды алып тастау (ауыстыру) қажеттілігін

_____ дәлелдейтін себептер мен шарттар көрсетіледі)

Баяндалғанның негізінде және Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 69-бабының 1-бөлігін, 174-бабының 5-бөлігін басшылыққа алып,

Қаулы еттім:

_____ электрондық байқау құралдарын

(электрондық бақылау құралдарының атауы)

сотталған _____ қатысты қолдану

(тегі, аты-жөні)

алып тасталсын (ауыстырылсын). (қажетсізін сызу керек) _____

(органның атауы)

бастығы (аға инспекторы, инспекторы) _____

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

Мөр орны

Қаулымен таныстым: _____

(тегі, аты-жөні) (қолы)

20 __ жылғы " __ " _____

Пробация қызметінің жұмысын
ұйымдастыру қағидаларына
24-қосымша
Нысан

(пробация қызметі атауы)

Электрондық бақылау құралдарындағы ақауды анықтау туралы акті

Мен, _____

(пробация қызметінің атауы, бастығының орнында қалған адам)

(тегі, аты-жөні)

Куәгерлердің:

1. _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), тұрғылықты жері)

2. _____ қатысуымен

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), тұрғылықты жері)

сотталған _____ бекітілген

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

_____ (электрондық бақылау құралының атауы көрсетіледі)

_____ электрондық бақылау құралының ақауының себебін қарап,

Анықтадым:

_____ (электрондық бақылау құралы ақауының себебі көрсетіледі, сотталғанның кінәлі дәрежесі)

_____ Баяндалғанның негізінде,

Қаулы еттім:

Электрондық бақылау құралдары сотталғанның кінәсіне (басқа себептер бойынша) байланысты жарамсыз болған, осыған байланысты (қажеттіні сызу)

(сотталғанның кінәсі анықталған жағдайда, азаматтық тәртіпте сотталған келтірген

залалды өтеу үшін сотқа материалдар жолданады, анық ақаулардың болмаған

кезде құрал сараптамаға жолданады)

(органның атауы)

бастығы (аға инспекторы, инспекторы) _____

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

Мөр орны

Актімен таныстым: _____

(қолы) (сотталғанның тегі, аты-жөні)

20 __ жылғы " __ " _____

Куәгерлер:

1. _____

(тегі, аты-жөні)

2. _____

(тегі, аты-жөні)

20 __ жылғы " __ " _____